# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 19 (1178)

17.05.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti


ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕШІ

# «ЖҮРЕК СӨЗІ»



***КҮНІ КЕШЕ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ Д. РАҚЫШЕВ АТЫНДАҒЫ ФИЛАРМОНИЯНЫҢ САХНАСЫНДА ОСЫНДАЙ АТАУМЕН ЖҮРЕКТІ ТЕРБЕГЕН ТАМАША КЕШ ӨТТІ.***

Жүректерді жырымен әлдилеген ақынның «Жүрек сөзі» атты поэтикалық-сазды қайырымдылық кешіне көрермен де көп жиналды. Филармония ғимаратында ине шаншар орын болмағандықтан Жұматай Оспанұлының жырларын түреген тұрып тыңдағандар да болды. Бұл ақынның өткізіп отырған төртінші әдеби-сазды кеші. Ал қайырымдылық кешінен жиналған қаражат үш бірдей баланың бір жылғы оқуына жұмсалады. Яғни, «Білім бұлағы» қоғамдық қорының қолдауымен Талдықорғанның жекеменшік мектептерінде білім алатын үш бірдей 10-11 сынып оқушысының бір жылдық оқу төлемақысы кештен жиналған қаражаттан төленеді. Әдеби-сазды кеш аясында қуанышқа кенелген үш бірдей балаға, атап айтсақ, «INNOVERSE» жекеменшік мектебінің оқушысы Мейрамбек Мұсатұлына, «UBT school» жекеменшік мектебінің оқушысы Нұрсипат Ғалымбекқызы мен «DOSTYQ» жекеменшік мектебінің оқушысы Мерей Ермұхамедұлына арнайы сертификат тапсырылды.

Мұнан соң сахна төрінде ақын бастап, жеткіншектер қостаған жүректі тербеткен әсерлі жырлардың тамшысы төгілді... Бойды балқытып, ойды алысқа жетелеген қара өлеңнің құдіреті жүректі толқытты, сезімді шалқытты, жанды тебірентіп, жанарға жас үйірді... М. Мақатаев атындағы поэтикалық «Жас актер» театрының жеткіншектері мен Абайдың сөзіне жазылған әндерді орындаған Төлеутай Серіков, әке болып балаларына білім мен ғылымның маңызын пайымдаған ақын Жұматай Әміреев сахнаның ерекше сиқырымен көпті өзіне елітті. Қойылымдағы көтерілген қоғамдық мәселе де кешке жиылған жас пен кәріні бейжай қалдырмады. Абай ақынның өлеңімен ашылған жыр кеші алыста қалған Жұматай ақынның да ауылына ат басын бұрғызып, қара шаңыраққа, әке мен анаға, бауырға, қарындасқа деген сағынышты оятып, оларға деген құрметті өлең арқылы тамаша жеткізе білді. Ақынның қойын дәптеріне түсірілген өлең жолдарын Аршын, Мирас және ұлы Мағжан жатқа оқып, көрермен жүрегіне жеткізе білді...

Өлеңмен өрілген кеште Жұматай ақынның сөзіне жазылған әндерді филармония әншілері орындады. Кеш соңында Алмат Шамшиевтың «Тойбастар» қойылымын Д.Рақышев атындағы филармония бишілер ансамблі жандандырып, Мұқағали ақынның «Саржайлау» өлеңін Жұматай ақын «Күреңбел» триосының сүйемелдеуімен орындады.

Қайырымдылық кеште өскелең жасқа айта алмаған ой айтылды, ақын жырларымен жеткізілді десек болады. Айта кетейік, осындай әдеби кештерді ақылы жасауды Жұматай ақынға көзі тірісінде Бейсен Құранбек ағамыз айтып әрі бұдан түскен қаражатты қайырымдылыққа жұмсауға идея тастапты. Содан бері Жұматай ағамыз кешін ақылы жасап, түскен табысын мұқтаж жандарға беріп келеді. Бұл тұстағы ойын ол былайша өрді.

*– 2017 жылы шығармашылық кешімді өткізгім келіп, ой үстінде жүрдім. Сахнаның адамы болғандықтан ба жаным сахнаны сағынған-ау, шамасы. Бір күні жұмыстан ойланып шығып келе жатсам алдымнан Бейсен Құранбек ағамыз шықты. Бейсе аға кеш өткізсем деген ойым бар еді, қалай қарайсыз дедім. Сонда ол: «Мұндай ойды жол жөнекей айтпайды. Жүр кабинетке» деп соңынан ерттім. «Бұған дейін өткізіп пе един?» деп сұрады. Екі рет 2004, 2007 жылдары өткізгенмін деп жауап бердім. «Қалай болды?» дегенде, сахнаға шығып әнімді айттым, өлеңімді оқыдым, қошеметке бөлендім деп жауап қаттым.*

*«Жұматай, адам бір нәрсені бастаса, оның нәтижесіне жетіп, екінші қадам жасағанда ол оданда биік мақсатта болуы керек. Ал сенің екі кешің бір деңгейде өткен екен. Ендеше біз осы жолы сенің өлеңдеріңді сатамыз» деді. Бірақ «ақылы ақын» дегенді естімеппін. «Қазір айналамызда мұқтаж жандар көп. Сен байдың баласы немесе кәсіпкер емессің. Бірақ екеуінде жоқ, Алланың саған берген байлығы бар. Ол сенің өлеңің, өнерің» деді ол. Осылайша 2017 жылы I. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында үлкен жаңаша кеш өтті. Бір отбасын қолдадық, бүгінгі кеш те соның жалғасы, – деп ағынан жарылды Жұматай Оспанұлы.*

...Ел құрметіне бөленуінің сыры неде деген сауалдың жауабы біріншіден, әке қаны, ана сүтімен берілген табиғат сыйы, тума талантында десек, екіншіден, қайырымдылықтың да жемісі болар, бәлкім... Қалай десек те, еңбегінің жемісін көріп, өміршең өлеңдерімен өмір сүрген де жақсы ғой. «Жүрек сөзі» әркімнің жүрегіне ой ғана салған жоқ, қайырым мен мейірімнің қадірін ұқтырды... Жасай беріңіз, Жұматай ақын!

**Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ**


БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
1 жылға – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЗДЕСУ

# МЕНТОРЛЫҚ ЖОБАНЫҢ АЯСЫ КЕҢЕЙТІЛУДЕ



**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БІР ЖЫЛҒА ЖУЫҚ УАҚЫТТАН БЕРІ «ӘДЕП-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕГІ МЕНТОР» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНАН БАСТАЛСА, АЛ БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ПАНФИЛОВ АУДАНЫНЫҢ МЕКТЕПТЕРІНЕ ЕНГІЗІЛДІ. ОСЫ УАҚЫТ ІШІНДЕ ТҮРЛІ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚОНАҚ ЛЕКТОРЛАР ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН 170-КЕ ЖУЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІП, ОЛ КЕЗДЕСУЛЕРГЕ 17 МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫ ҚАТЫСТЫ.**

Жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға қарағанда, сауалнамаға қатысқан оқушылардың 75 пайызы астамы арнайы келген лекторлардың дәрісіне риза екенін, ал 62 пайызы мектеп менторларымен оңды қарым-қатынас орнатылғанын айтқан. Сонымен қатар 28,6 пайызы жеке консультациялар алғанын, ал 20 пайызға жуығы менторлармен әңгімелесу нәтижесінде шешілмейтін проблемалар жоқ екенін түсінгенін атап өтті. Қол жеткізілген оң тәжірибені ескеріп, алдағы жаңа оқу жылынан бастап 7 аудан орталығы мен 1 қалада тағы 48 ментор өз жұмысын бастайды. Ал бүгін менторлық тәжірибедегі қонақ дәрістерін өткізу дәстүрі жалғастырылып, оқушылармен облыс әкімі Бейбіт Исабаев кездесті.

– *Кез келген елдің ең үлкен байлығы – адами капитал, яғни сіздер – Қазақстанның болашағысыздар. Сондықтан мемлекет өз тарапынан жас ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін барлық жағдайды жасауға тырысады. Қатаң бәсекелестік жағдайында ілгерілеуге, біртіндеп жетістікке жетуге көмектесетін, ол ең алдымен – білім. Біз енгізген әдеп-құқықтық тәрбие жұмысы жөніндегі менторлық жоба суицид, буллинг және кибербуллинг, лудомания, интернет-алаяқтық, нашақорлық сияқты мәселелер белең алған қазіргі ақпараттық әлемде, ең бірінші, сіздерді қорғауға бағытталған. Бұл ретте сіздердің тәлімгерлермен өзара түсіністікте болуларыңыз біз үшін өте маңызды. Бұл ретте әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері қуантып отыр. Сауалнамаға қарағанда, сіздердің басым көпшілігіңіз өз дәріскерлеріңізді, менторларыңызды білесіздер, және сауалнама тәлімгерлермен жақсы қарым-қатынас орнатылғанын анықтап отыр. Өзара түсіністіктің арқасында менторларға деген сенім артып келеді, сондықтан біздің бірлескен жұмысымыздың оң жемісі бар деуімізге болады. Бұл жобада барлық міндеттерге қол жеткізілді деген сөз емес, әлі де тұжырымдамалық тұрғыдан нақтыланатын тұстары бар, дегенмен жобаны іске асыру аса қажет шара екені айқын. Біз өз тарапымыздан осы жобаға қызығушылық білдіргендер болса, керекті әдістемелік қолдау көрсетуге дайынбыз,* – деп атап өтті Бейбіт Исабаев.

Облыс басшысы өз сөзінде бірнеше негізгі бағыттарға тоқталды. Біріншіден, ол мектеп бағдарламасын меңгерумен қатар өзін-өзі жетілдіруге назар аудару, қызығушылық танытқан немесе жаны қалайтын пәндерді тереңірек зерттеудің маңызды екенін атап өтті. Бұл мәселеде, спикердің айтуынша, қазақ және әлем әдебиетінің классиктерін оқудың маңызы зор. *«Мысалы, көптеген мемлекеттерде ұлттық кітап күні атап өтіледі. Халықаралық кітап беру, балалар кітабы және кітап оқу күндері бар. Біздің елде де ұлттық кітап күнін бекіту идеясы айтылды. Бұл – өте пайдалы бастама. Астана, Алматы қалаларының тәжірибесін ескере келе, біздің өңірде еліміздің үздік баспаларын шақырып, «Кітап Фест» кітап фестивалін өткізуді ұсынамын. Кітапханаларды заманауи коворкинг-орталықтар түрінде жаңғырту керек, кітапхана қорларын үнемі толықтыру керек»,* – деді Б.Исабаев.

Спикер оқушылармен Президент ұсынған «Адал азамат» тұжырымдамасы, «Азаматтық жауапкершілік», «Әлеуметтік әділеттілік» ұғымдарының мәні туралы әңгімелесті, оқушылар да осы тақырыпқа қатысты өз пікірлерін білдірді.

Екі сағатқа жуық әңгіме барысында облыс әкімі мен жауапты тұлғалар кездесуге қатысушылардың барлық сұрақтарына егжей-тегжейлі жауап берді. Бұл ретте колледждерде қазіргі заманғы еңбек нарығындағы сұранысқа сай жаңа мамандықтарды енгізу тақырыбына тоқталды. Мектептегі өзін-өзі басқару өкілдерінің қатарындағы бірқатар тәлімгерлер мен оқушыларға облыс әкімінің Алғыс хаты тапсырылды. Облыс әкімі менторларды жеке кабинеттермен қамтамасыз ету, тәлімгерлік сағаттарды ұйымдастыру мәселелерін пысықтауды тиісті мекемелерге тапсырды.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

**Суретті түсірген – Жеңіс ЫСҚАБАЙ**

Жас ұлан – 2024

***КӨКСУ АУДАНЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДА «ЖАС ҰЛАН – 2024» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ОЙЫНЫ ӨТТІ. ЖАЛПЫ, АУДАНДА ӘСКЕРИ СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАР 1972 ЖЫЛДАН БЕРІ ДӘСТҮРЛІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ.***

# ҮЗДІКТЕР ТОП ЖАРДЫ







«Айбын», «Алау», «Қайсар», «Сардар», «Жас ұлан» сияқты әскери-патриоттық ойындарынан облыстық, республикалық кезеңдерде аудан оқушылары неше дүркін чемпион атанып жүргенін ерекше атап өткеніміз жөн.

Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелей отырып оқушылардың әскери-патриоттық шеберлігін көтеруге, жасөспірімдерді ҚР Қарулы Күштеріне сүйіспеншілікпен қарауға, туған елін қорғау мақсатында ұйымдастырылған байқау биыл Жамбыл ауылындағы Лабасы тауының етегінде өтті. Ауданымыздың 23 мектебінен 230 оқушы қатысты. 9 бағыт бойынша ұйымдастырылған әскери-патриоттық ойында оқушылар сапта жүру, әскери кедергілерден өту, автоматты шашып, қайта жинау, азаматтық қорғаныс, әскери қалашық, патриоттық ән, қарумен ату, кермеге тартылу, дене көтеру сынды тапсырмалары орындалды.

Номинациялар қорытындысы бойынша толық жинақты және шағын жинақты мектептер арасында екі топта бағаланды. Байқау нәтижесінде толық жинақты мектептер арасында ерекше дайындықпен келген Н.Алдабергенов атындағы орта мектептің командасы бас жүлдені иеленді. I орынды Ж. Егінбаев және Қ. Жапсарбаев атындағы мектеп оқушылары қанжығалады. Медеубай Құрманов атындағы №2 орта мектеп II орыннан көрінсе, Алғабас және З.Тамшыбай атындағы орта мектептер III орынды қанағат тұтты. Ал шағын жинақты мектептер арасында Бесқайнар орта мектебінің оқушылары үздіктер көшін бастады. I орын №12, II орын Жамбыл атындағы орта мектепке, ал III орын С. Қырықбаева атындағы орта мектеп оқушыларына бұйырды.

**Назира ТӘЛІПОВА, аудандық білім бөлімінің әдіскері.**
КӨКСУ АУДАНЫ

ШЕРУ

**ТАЛДЫҚОРҒАН «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫНДА «ӘСКЕРИ ЖОЛМЕН, ЖІГЕРЛІ ҰЛАН БОЛАЙЫҚ!» АТТЫ ТАҚЫРЫПТА 8, 9, 10 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҚАТЫСҚАН САЛТАНАТТЫ ШЕРУ ӨТТІ.**

# «ӘСКЕРИ ЖОЛМЕН, ЖІГЕРЛІ ҰЛАН БОЛАЙЫҚ!»

Жетісу облысы «Қарулы күштерінің ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігі филиалының төрағасы отставкадағы 1-ші дәрежелі капитан Рахым Қырғабақов, Ауған соғысының ардагері, запастағы майор Талғат Бердікенов, запастағы капитан Сәуле Куренкеева салтанатты шеруге арнайы қонақ ретінде шақырылды.

Шеруде Талдықорған қаласының алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдері аға лейтенант Нұрдәулет Дәулетбекұлы, аға сержант Талғат Иешов және кіші сержант Алишер Букенбаев әділқазы ретінде төрелік етті.

Шара соңында жеңімпаз сыныптар анықталып, орындар мен номинациялар берілді. I орын 10 «а» сыныбы, II орын 10 «б» сыныбы, III орын 9 «а» сыныбы, «Үздік командир» номинациясын 8 «а» сыныбының оқушысы Нұрзат Әмірсейіт, «Үздік сыртқы келбет» номинациясын 8 «б» сыныбы, «Үздік взвод» номинациясын 9 «б» сыныбы жеңіп алды. Орын алған сыныптар мен номинацияға ие болған оқушыларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар салтанатты түрде табыс етілді.

***Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.***

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

УКАЗ ПРЕЗИДЕНТА РК

# ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ УКАЗ О ЛИБЕРАЛИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ

***10 МАЯ 2024 ГОДА ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ УКАЗ «О МЕРАХ ПО ЛИБЕРАЛИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ», СООБЩАЕТ ZAKON.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ИСТОЧНИК AKORDA.KZ.***



Как сказано в Telegram-канале Акорды, этот указ направлен на обеспечение свободы предпринимательства путем развития конкуренции, сокращения государственного участия в экономике, снижения издержек бизнеса.

Во-первых, предусмотрено создание при Агентстве по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан Национального офиса по приватизации, который обеспечит выработку критериев государственных активов, подлежащих приватизации и формирование их перечня.

Во-вторых, предусмотрены меры по повышению самостоятельности, качества и независимости корпоративного управления АО «ФНБ "Самрук-Казына"» и его дочерних компаний, а также совершенствование осуществляемых ими закупочных процессов.

В-третьих, предусмотрен ряд конкретных мер в целях развития конкуренции на товарных рынках.

В-четвертых, предлагаются меры по дальнейшему совершенствованию регуляторной политики и либерализации процедур для открытия и ведения бизнеса. Так, предполагается упрощение и автоматизация (цифровизация) доступа потребителей к коммерческим услугам, предоставляемым квазигосударственными организациями, процедур получения технических условий и подключения к инженерным сетям.

Поручается предоставить возможность использования проектов, соответствующих передовым международным стандартам, для строительства объектов без обязательной разработки проектно-сметной документации по казахстанским стандартам.

В-пятых, отдельным блоком в Указе выступает комплекс мероприятий, направленных на усиление защиты прав и законных интересов бизнеса, в том числе путем декриминализации уголовных правонарушений в сфере экономической деятельности, согласования с прокурорами запретительно-ограничительных мер, инициируемых госорганами и др.

**В заключении сказано:**

«Реализация указа придаст дополнительный импульс масштабному и ускоренному сокращению доли государственного сектора в экономике, а также высвобождению экономического пространства для частного предпринимательства».

26 апреля 2024 года сообщалось, что Токаев подписал закон о присвоении имен легендарных воинов-героев степеням ордена «Айбын».

ОБРАЗОВАНИЕ

**НА АППАРАТНОМ СОВЕЩАНИИ МИНИСТР ПРОСВЕЩЕНИЯ ГАНИ БЕЙСЕМБАЕВ ОБЪЯВИЛ О ПРОВЕДЕНИИ ПОСЛЕДНЕГО ЗВОНКА ДЛЯ ВЫПУСКНИКОВ ШКОЛ КАЗАХСТАНА. 25 МАЯ СОСТОИТСЯ МЕРОПРИЯТИЕ, ПОСВЯЩЕННОЕ ЗАВЕРШЕНИЮ УЧЕБНОГО ГОДА ДЛЯ 186 ТЫСЯЧ ВЫПУСКНИКОВ СТРАНЫ, СООБЩАЕТ ИА EL.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ МИНИСТЕРСТВА.**

# МИНИСТР ПРОСВЕЩЕНИЯ КАЗАХСТАНА ОБРАТИЛСЯ К ВЫПУСКНИКАМ ШКОЛ

— Свыше 3,8 миллионов школьников, успешно завершивших учебные программы в течение года, будут переведены в следующие классы. Планируется, что 24 мая, в пятницу, состоятся единые классные часы на тему «Знания во благо Родины» для учеников от 1-го до 10-го классов, — отметил министр.

Гани Бейсембаев также подчеркнул, что, несмотря на изменение формата, организация мероприятия останется приоритетной задачей.

— Кроме того, поручаю провести 25 мая в конце учебного года мероприятие «Последний звонок» для 186 тысяч выпускников школ страны. Уверен, что выпускники этого года проведут это мероприятие без излишеств, без пышных торжеств, на духовно-нравственном уровне, — сказал он.

СИТУАЦИЯ

# СКОЛЬКО ЧЕЛОВЕК УЕХАЛО ИЗ АЛМАТЫ ЗА ПОСЛЕДНИЕ МЕСЯЦЫ

**ПОЧТИ 21 ТЫС. ЧЕЛОВЕК УЕХАЛИ ИЗ АЛМАТЫ В ДРУГИЕ РЕГИОНЫ НА ПМЖ. ЧАЩЕ ВСЕГО ПОКИНУВШИЕ МЕГАПОЛИС ВЫБИРАЛИ В КАЧЕСТВЕ НОВОГО МЕСТА ЖИТЕЛЬСТВА АЛМАТИНСКУЮ ОБЛАСТЬ, ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА DATA HUB.**

Согласно данным БНС АСПиР, в первом квартале 2024 года из Алматы на ПМЖ в другие регионы уехало 20,9 тыс. человек. Увеличившись почти на 25% (4,1 тыс. человек) к предыдущему периоду, показатель достиг максимума по крайней мере с начала 2018 года.

Как отмечают авторы Telegram-канала DATA HUB, рекордное число выбывших из Алматы в другие регионы легко связать с природными катаклизмами. Однако важно учитывать, что высокие значения отмечаются уже четыре квартала подряд.

Чаще всего в качестве нового места проживания внутри страны алматинцы выбирали Алматинскую область (10 тыс. человек). Даже занявшая второе место Астана сильно ей уступила (2,9 тыс. человек).

Вместе тем число прибывших в Алматы на ПМЖ из других регионов хотя и не установило рекорд, но оказалось довольно высоким — 30,1 тыс. человек. В основном в Алматы переезжали жители Алматинской области (12,8 тыс. человек).

Напомним, 4 марта жители Алматы ощутили сильное землетрясение. В МЧС сообщали, что эпицентр землетрясения располагался в 31 км от города, ощутимость в мегаполисе составила 5 баллов. Позже в городе зафиксировали еще несколько подземных толчков.

Предыдущее сильное землетрясение в Алматы случилось в ночь на 23 января. Тогда ощутимость в городе также составила 5 баллов. В МЧС сообщали, что землетрясение тогда ощущалось также в Астане, Алматинской, Восточно-Казахстанской, Жамбылской, Карагандинской областях и области Жетісу.

ЭТО ИНТЕРЕСНО

# НАЗВАНЫ ТРИ САМЫХ РАСПРОСТРАНЕННЫХ ФАМИЛИИ И ИМЕНИ В КАЗАХСТАНЕ

**АЗАМАТ И АРУЖАН — НАИБОЛЕЕ РАСПРОСТРАНЕННЫЕ ИМЕНА СРЕДИ МУЖЧИН И ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ, СОГЛАСНО ПОСЛЕДНЕЙ ПЕРЕПИСИ НАСЕЛЕНИЯ 2021 ГОДА, РАССКАЗЫВАЕТ TENGRI LIFE.**

Как отметили в агентстве по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан Бюро национальной статистики, статистические данные показывают, что в стране проживает 63 тысячи мужчин с именем Азамат и 73 тысячи женщин с именем Аружан. Национальное статистическое агентство опубликовало отчет, в котором указано, что более 33 тысяч имен встречаются более чем 10 раз, а 29 тысяч фамилий — более чем 100 раз.

Интересно отметить, что в Казахстане также популярны имена и фамилии русских и узбеков, которые являются численно значимыми народностями после казахов. Среди казахских имен, встречающихся более 10 000 раз, 136 относятся к мужским и 146 к женским. Наиболее часто встречающимися мужскими именами являются Азамат, Серик и Марат, а среди женских — Аружан, Мадина и Динара. Унисекс имена, такие как Бахыт и Саулет, также популярны, с общим числом 585 тысяч носителей.

Окончания имен, такие как «бай», «бек», «жан» и «хан», являются наиболее популярными среди казахских имен. В частности, «бек» было самым популярным окончанием в прошлом столетии, но его популярность начала снижаться после 2000-х, в то время как «хан» продолжает демонстрировать стабильный рост на протяжении последних 30 лет.

Слово «гүл», часто добавляемое к женским именам, стало популярным после 1950-х годов и держалось на высоте рейтинга до 2000-х.

Также данные показывают, что казахи предпочитают более короткие имена, и, за исключением периода 70−80-х годов, мужские имена обычно были длиннее женских.

Среди казахских фамилий, встречающихся более 10 000 раз, насчитывается 69 наименований. Три самые распространенные фамилии — Ахметов, Серік и Омаров. Фамилии с окончаниями «ов», «ев» и «ин» (и их женские формы «ова», «ева» и «ина») составляют 64 процента среди казахов. Однако анализ по годам рождения показывает стабильное снижение доли таких фамилий.

Кроме того, многие казахстанцы отказываются от использования отчеств с окончаниями «-вич» и «-вна», переходя на «-ұлы» и «-қызы». Также в Казахстане немало граждан, которые являются двойными тезками, как по имени, так и фамилии. Так, самыми многочисленными стали Серик Ахметов (415) и Айзере Серік (517).

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# ҚЫЗЫЛТАСТАҒЫ ПЕТРОГЛИФТЕРДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ...

***ТАРИХИ МҰРАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕ ЖАҒЫНАН ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛЫП, КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ САҚТАУ БӘРІМІЗДІҢ ПАРЫЗЫМЫЗ. СЕБЕБІ, САН МЫҢДАҒАН ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ БАУЫРЫНА БҮГЫП ЖАТҚАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕ ӨТКЕН ДӘУІРЛЕРДІҢ АЙҒАҚТАРЫ ЖАТЫР. ОНЫ ҒЫЛЫМИ ТҮРДЕ ДӘЛЕЛДЕП, ДАЛА МҰРАЖАЙЫНА АЙНАЛДЫРУ ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ЕНШІСІНДЕ. ӨКІНІШКЕ ОРАЙ, ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ ЖЕР ИЕЛЕНУШІЛЕР, БИЗНЕСПЕН АЙНАСЫЛУШЫЛАР ТАРИХИ МҰРАЛАРҒА ҚАУІП ТӨНДІРУДЕ. АСПАН АСТЫНДАҒЫ КҮН КӨЗІНЕ ҚАТТАЛҒАН ТАС МҮСІНДЕР, ҚАШАЛЫП ЖАЗЫЛҒАН ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ДАБЫЛ ҚАҚТЫРУДА...***



Мұндай дабыл 2018-2019 жылдары Кербұлақ ауданындағы «Арқарлы» тауындағы қиыршық тас өндірушілер сол өңірдегі тарихи тастарды бүлдіріп, қиратып жатыр деп ақпарат құралдары дабыл қаққан-ды. Сол кездің өзінде жергілікті билік, қиыршық тас өндірушілер заңды жұмыс жасап жатыр деп жуып шайған-ды. Арқарлы петроглифтеріне қатысты 2017 жылы тамыз айында Кербұлақ ауданының Малайсары ауылынан 4 шақырым жердегі Малайсары сілемдерінде Арқарлы петроглифтерінің барын біле тұра, сол кездегі жергілікті билік көз жұмбайлыққа барып бизнес өкілдеріне қиыршық тасты өндіруге мүмкіндік беріп қойған. Оның кесапаты тастағы археологиялық петроглифтердің жойылып кетуіне шақ қалған-ды. Ақпарат құралдары дабыл қаққаннан кейін бұл іске Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан араласып, Алматы-Талдықорған бағытындағы мемлекеттік маңызы бар жолдың бойындағы Арқарлы асуының қос қапталын алып жатқан жақпар тастардағы петроглифтерге қатысты экс Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановқа төмендейгідей депутаттық сауал жолдаған болатын.

*«Малайсары қыраттарына ұласатын сол сілемдер тұнған тарих. Тастағы суреттерге тіл бітсе ең кемі 3000 жыл бұрынғы дәуірді көз алдыңызға әкеледі. Ең алғаш Арқарлы асуындағы тарихи тастарға назар аударған археолог, профессор Алексей Марьяшев болатын. 2017 жылы археолог сол өңірге арнайы барып, тастағы петроглифтерді өз көзімен көріп, қолымен ұстап, тарихи суреттер қола немесе темір дәуіріне тән екенін, бұл тауларды б.д.д. 2000 жыл бұрын адамдар мекен еткенін, жалпы ғылыми түрде кешенді зерттеуді қажет ететіндігін меңзеген. Алматы облысы әкімдігі сол жылдың тамызында Малайсары сілемдеріндегі петроглифтер мемлекеттік қорғауға алынатынын айтқан, бірақ бұл күні бүгінге дейін жүзеге асқан жоқ. Ал тастағы тарихқа ел назар аударған археолог-ғалым араға жыл салып бақилық болды. Бұдан кейін бұл жерге бір де бір ғалым ат ізін салған емес. Ресми орындардан көңіл бөлініп, қызығушылық болмаған соң өңірдегі белсенді азаматтар өздері бас біріктіріп, тарихи тастарды қорғау жөніндегі еріктілер тобын құруға мүдделі. Өйткені, Алматы облысы Кербұлақ ауданы аумағындағы Малайсары петроглифтері жойылудың аз-ақ алдында тұр. Тарихи суреттер бедерленген тастарды бизнестік бағытта өз мақсаттарына пайдалануда. Ал жергілікті билік, яғни Сарыбастау ауылдық округі аңғардағы кәсіпорындар заңды түрде мемлекеттік актісін алып, салығын төлеп, жұмыс істеп жатқанын алға тартады. Яғни, асудағы шағын зауыт қиыршық тастар мен тақтатас өндірісімен айналысады. Петроглифтер өңірлік атқарушы билік тарапынан арнайы бақылауға алынып, ғылыми институттар тарапынан нақты зерттеу нысанына айналмағандықтан өндірісшілерге ешқандай шектеу жоқ. Өйткені, бұл жерді жеке тұлғалар ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін заңды түрде иелігіне алып, кәсібін жүргізіп отыр. Осы күнге дейін тастағы петроглифтердің біраз бөлігі бұзылып, қиратылып кеткен. Қазіргі күні «Integra Construction KZ» ЖШС-ға қарасты Жоламан қиыршықтас зауыты, тақтатас шығаратын «Арқарлытас» сынды жеке фирмалар өңірде өз кәсібін жалғастыруда. Жедел түрде тиісті шешімдер қабылданбаса аз уақыттың ішінде тарихи жәдігерлердің күл-талқаны шығып, үгіліп, бабалар тарихы қиыршық тасқа айналады».*

Жалпы, ғалымдар Малайсары сілемдеріндегі тастарда бедерленген суреттердің 3,5 мың жылдық тарихы барын айтады. Сондай-ақ, VI-VII ғасырлардың мәдени ескерткіштері, бергі XVII ғасырлардағы таңбалар бедерленген тастар барын да алға тартады. Ал бұл мәселеге назар аударған кәсіби заңгерлер «Арқарлы асуында тарихи мұраларға қатысты өрескел заң бұзушылықтар орын алып отыр» деп мәлімдеме жасаған болатын.

Депутат сауалынан кейін ғана сол кездегі Алматы облысының әкімі болған Амандық Баталов ұйқысынан оянып, тиісті мекемелерге тапсырма берілген-ді. Осы уақыт аралығында облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталық қызметкерлері Арқарлы тауындағы ескерткіштердің жәй-күйін бақылап отырғандарын айтады. 2021 жылы орталық қызметкерлері Арқарлы тауында барлау жұмыстарын жасап, белгісіз болған бірнеше петроглифтерді анықтаған. 2021 жылы Арқарлы тауында орналасқан ежелгі тастардағы бейнелерді сақтау және насихаттау мақсатында петроглифтер орналасқан аумақтың 8 жағынан ескерткіштер мемлекеттің қорғауында екендігі және петроглифтер туралы мағлұматтар жазылған қорғау тақталары қойылып, жалпы саны 16 тақта (8 ақпараттық тақта, 8 қорғау тақтасы) орнатқан-ды. Сол жылы Арқарлы сілемдеріндегі 185 ескерткішке құжаттандыру жұмыстары жүргізіліп, қорғау аймақтары айқындалған-ды. Арқарлы тауларында қола, ерте темір дәуірі, орта ғасырларда салынған бейнелер мен қорғандар, қоныстар бар. Жалпы, Жетісу өңірінің таулы аймақтарының қай-қайсысын алсаңыз да тарихи деректерге тап боласыз. Сарқан, Ақсу, Текелі, Қаратал, Көксу, сонау Қорғас шекарасына дейінгі аралықта дала қойнауындағы жақпар тастардан аң-құстардың, жануарлардың бейнесімен тасқа қашалған түрлі жазуларды көзіңіз шалады. Тағы бір дабыл қағылған археологиялық мұра Талдықорған қаласындағы «Қызылтас» саяжайындағы ескерткіш тастарға қатысты болып тұр. Мұнда да жеке бизнес өкілдері 2020 жылы Талдықорған қаласының солтүстігінде «Темір» карьеріне баратын грунттық жолды салу барысында жолдың бойында орналасқан археологиялық қорғандардың сақталуына қатер төнгені белгілі болып тұр. Облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталықтың араласуымен ескерткіштерге зиян тигізетін жұмыс түрлері тоқтатылды. Біздің қоғам әуелі бизнес өкілдері қолданысқа сұрап отырған аймақты жете зерттемейді. «Ол маңайда тарихи мұралар бар ма, зертеуді қажет ететін дүниелер кейін шығып қалмай ма?» деген барлау, бағамдау жұмыстарын жүргізбей жерді бизнес өкілдеріне пайдалануға бере салады. Оның арты айғай-шуға ұласып, қоғам белсенділері, блогерлер, жергілікті тұрғындар тарихи дүниелер бүлінетін болды деп әлеуметтік желіге ақпарат тарағанда атқа қонады. Жоғарыда аталған Кербұлақ ауданының Арқарлы тауындағы тарихи мұралар мен Талдықорған



қаласындағы «Қызылтас» саяжайындағы таңбалы тастар сөзіміздің айғағы бола алады. Әйтпесе «Темірбетон» ЖШС-не бұл жерді игеруге жол берілмеген болар еді. Мәселен, «Темірбетон» ЖШС жерді игеруге 2019 жылы рұқсат берілген. Ал, 2020 жылы «Темірбетон» ЖШС тапсырысы бойынша «Қазархеология» ЖШС 2019 жылдың 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Заңының 30-бабы бойынша жол өтетін жерлермен «Темір» карьерінің аумағында тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау бойынша археологиялық жұмыстар жүргізеді. Нәтижесінде «Темір» карьеріне апаратын жолға жақын орналасқан қорғау аймағына кіретін 32 археологиялық ескерткішке 2021 жылы қазба жұмыстары жүргізіліп, сол жылы «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тарапынан Қызылтас ескерткіштеріне 2 (екі) ақпараттық тақта қойылады. 2022 жылы Талдықорған қаласында анықталған және құжаттандырылған 30 археологиялық ескерткіштерге қорғау тақталары орнатылғанын айтады. 2023 жылы «Темірбетон» ЖШС-не қарасты карьерде жүріп жатқан жұмыстар кесірінен тарих және мәдениет ескерткіштері қирап жатыр деген ақпарат әлеуметтік желілерге шығады. Тура, Кербұлақ ауданындағы «Арқарлы» тауындағы балбал-тастар бүлініп жатыр деп ақпарат құралдары шулаған болатын. Содан тәлім алмаған жергілікті билік тағы да әлеуметтік желі шулаған соң атқа қонады. Осыған байланысты «Темір» карьерінің айналасында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау мақсатында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қ. Сүлейменовтың төрағалығымен көшпелі жиын өтіп, «Қазархеология» ЖШС директоры Ж.Смайловқа «Темір» карьерінің айналасын қосымша толықтай зерттеп шығуды тапсырады.

2023 жылғы 5 желтоқсанда Қызылтастағы петроглифтер және «Тасбақа» деп аталып кеткен табиғи тасқа байланысты мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобы келіп зерделеу жұмыстарын жүргізіп, жиын өткізді. ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобының ақпараты негізінде (2023 жылғы 5 желтоқсан, № б/н ) комиссия ұсыныстарына сүйене отырып, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы анықталған петроглифтерді басқа жерге көшіруге келісім береді.

Қазіргі уақытта археологиялық ескерткіштер орналасқан Қызылтас саяжайындағы «Темір» карьерінде жарылыс жұмыстары мен аталған карьерде орналасқан петроглифтерді көшіру жұмыстары тоқтатылған.

*«Ағымдағы жылдың 5 сәуірінде «Темір» тау кен карьерінде облыстың қоғамдық кеңесінің мүшелерімен, сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ирина Смирновамен, облыстық мәслихат депутаттарымен, қоғам белсендісі, «Алтын адам. Жетісу шеберлері» ҚБ төрағасы Динара Бакировамен, «Охотники за петроглифами» ҚБ басшысы Ольга Гумировамен, «Темірбетон» ЖШС өкілдерімен, журналистер мен блогерлермен кездесу өткізіп, онда Қызылтас петроглифтерін одан әрі сақтау бойынша жұмыстар талқыланды.*

*Кездесудің барлық қатысушылары археологиялық ескерткіштерді сақтау бойынша ынтымақтастық туралы өзара шешімге келді. Сондай-ақ депутаттар тарапынан «Темірбетон» ЖШС-нің карьер мәселесін шешуге жәрдемдесетін болады.*

*«Темірбетон» ЖШС бұрын пайдаланылған карьер мерзімін ұзарту туралы өзінің құқық белгілейтін құжаттарын қалпына келтіру туралы сотқа талап арыз бергенін, сот шешімі шыққанға дейін барлық жұмыстар тоқтатылғанын баяндады. Бүгінгі күні облыстық бюджеттен Қызылтас шатқалының археологиялық ескерткіштеріне (петроглифтеріне) егжей-тегжейлі құжаттандыру (паспортизация) үшін қаржы (10 млн. теңге) қарастырылып, ҚР Мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес конкурс өткізе отырып, паспорттау (Қызылтас, Дауылбай археологиялық ескерткіштеріне)жұмыстары жүргізіледі»* – дейді «Жетісу облысының тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталығы» КММ директоры Оспанов Ғалымжан Айданақұлы.

«Қызылтастағы» археологиялық ескерткіштерге қатысты журналистер үйінде өткен басқосуда онлайн трансляцияға экономика ғылымдарының кандидаты, қоғам қайраткері Мұқтар Тайжан, Жетісу облысы қоғамдық даму басқармасының басшысы Бауыржан Абибеков, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков, Жетісу облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов қатысты.

**Айтақын МҰХАМАДИ**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



**«ЕСТІМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП» КІМГЕ СЕНІМ АРТАМЫЗ. ШЫРМАУЫҚТАЙ ШЫРМАЛҒАН ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТІН ЖҰҚТЫРМАҒАН МЕКЕМЕ ҚАЛМАДЫ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚАЙ-ҚАЙСЫСЫН АЛСАҢЫЗ ДА ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН САТЫЛМАҒАН ШЕНДІ-ШЕКПЕНДІ ҚАЛМАҒАН. ҚЫЛ АЯҒЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕН БАСТАП, КОЛЛЕДЖ, ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҰСТАЗДАРЫ МЕН БУХГАЛТЕРЛЕРІНІҢ САТЫЛЫП ЖАТҚАНЫН ЕСТИМІЗ. ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ МЕН БІЛІМ САЛАСЫНДА БЫЛЫҚҚА БАТПАҒАН МАМАНДЫ ТАБУ «ШӨП АРАСЫНАН ИНЕ ІЗДЕГЕНМЕН» БІРДЕЙ БОЛЫП ТҰР. ЕСЕПШІ ҚАРЖЫ ЖЫМҚЫРАДЫ, «ЭКС» МҰҒАЛІМ ЕСІРТКІ САУДАЛАЙДЫ. СОНДА БІЗДІҢ ЖАС ҰРПАҚҚА КІМДЕР ТӘРБИЕ БЕРІП ЖҮР?**

# ЕСЕПШІ АҚША ЖЫМҚЫРАДЫ, МҰҒАЛІМ ЕСІРТКІ САТАДЫ

«Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» демекші, білім саласында қаржы жымқыру Жетісу облысының Талдықорған қаласындағы білім бөлімінен бастау алған-ды. «Алтын шыққан жерді белінен қазған» сыбайлас жемқорлықпен күресетін мекеме республика аймағындағы білім мекемелерін жаппай тексеріп, жемқорлықпен желіндеп тұрған бухгалтерлер мен мектеп, колледж, жоғары оқу орындарының ұстаздары мен директорларын, бухгалтерлердің қылмыстық хроникасын ашып жатыр. Таусылар емес. Жыл сайын әлгі желіндеген жемқорлар босанып, ішкен-жегендері желкелерінен шығып, тұтылуда. Алдыңғы торға тоғытылғандардың соты аяқталмай жатып, Жетісу облысынан тағы бір жаманат хабар жария болды. Жемқорлықтың ізіне түсіп, індете қазған «Антикор» Сарқан ауданы білім бөлімінің бас бухгалтері ірі көлемде ақша жымқырды деген күдікпен тергеліп жатқанын айтты. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының көмекшісі, ресми өкіл Данияр Бигайдаров мәлім етті. *«Агенттіктің білім беру саласында 206 қылмыстық істің тіркелгенін, олар бойынша залал 14 млрд. теңгеден асқанын, жалпы жымқырудың ең үлкен сомасы Түркістан, Жетісу, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе облыстарында және Алматы қаласында анықталған. Қаржы жымқыруға қатысты Жетісу облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет облыс прокуратурасының қатысуымен Сарқан ауданы білім бөлімінің бас бухгалтерінің заңсыз қызметінің жолын кесті»,* – деді Данияр Бигайдаров агенттікте өткен баспасөз мәслихатында.







Қамауға алынып, үстінен қылмыстық іс қозғалған бухгалтер «Білім бөлімі бухгалтерлерінің шотына артық белгіленген жалақыны заңсыз аудару жолымен» аса ірі мөлшерде 1 млрд. теңгеден астам сомада бюджет қаражатын жымқырды деген күдікке ілінген. Тергеу әрекеттері барысында 156 млн. теңге сомасында ақшалай қаражат табылып, тәркіленіп, соттың санкциясымен күдікті қамауға алыныпты. Апыр-ай, сонда біздің қоғамның жемқорлыққа қарсы күшейтілген заңы қай жолда қалды деген сауал сананың шаңын қағады. Қатайтылған заңнан үрікпейтін, қорықпайтын бұл недеген бухгалтерлер мен директорлар деймін де аң-таң боламын. Басқа-басқа мектеп түлектеріне адалдықты, білімді, білікті болуды үйретеді деген мекемеде жемқорлықтың жемсауы бүлкілдеп тұруын немен түсіндіруге болады. Білім ошағының бухгалтерлері мемлекет қаражатына қол сұғады, ал мектептің экс мұғалімі есірткі сатады. Сонда, білім жүйесі криминалға айналып кеткен бе? Бұл енді Жетісу облысына қатысты емес. Алайда білім саласы болған соң жалпы мектепке сөз тиеді. Ақмола облысында есірткіге қарсы күресетін полицейлер, есірткі жасырушыдан ірі көлемде мефедрон тәркіледі, деп хабарлайды «Polisia.kz» сайты. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» деген осы. Құрыққа түскен күдікті әйел он жыл бойы Солтүстік Қазақстан облысындағы ауылдардың бірінде мұғалім болып жұмыс істегені айтылады. Мұғалімдік жалақы көңілін көншітпесе керек, жұмыстан шығып, есірткі тұтыныпты. Есірткі жасырушыны полицейлер Ақмола облысының Степногорск қаласында қолға түсірген. 37 жастағы келіншек полицейлерге есірткіні қайда жасырғанын өзі көрсетіпті. Сірә, қылмысымды мойындасам жазам жеңілдейді деген дәмесі болған шығар. Сұмдық қой бұл анау-мынау емес, мектепте мұғалім болған саналы азаматшаның есірткінің құлына айналуы санаға салмақ салады. Әйелден табылған есірткіні сараптамаға жібергенде 62,5 грамм болатын мефедрон синтетикалық есірткі екенін көрсеткен. Есірткі жасырылған жерлерден 4 доза оралған орам жедел-іздестіру және тергеу іс-шаралары аясында полицейлер жалға алынған пәтерді тексеріп, тыйым салынған зат пен тағы 105 орамды есірткіні өлшеп орауға арналған құрылғыларды тапқан. Экс мұғалім бұл жұмысты өткен жылдың соңында Telegram-нан тауыпты. Жеңіл табыс туралы уәде әйелді қызықтырған және ол жұмыс істеуге келіскен. Куратордың нұсқауы бойынша, Степногорск қаласына есірткіні жасыру үшін келгенде полицейлерге тұтылған.

Бухгалтер жемқор, экс мұғалім нашақор, сонда білім ұяларында кімдер жүр? «Балаларға сабақ беріп астыртын қылмыспен айналысып жүрген мұғалімдер бар ма?» деген күмән ойда тұрады. Жемқорлықтың, қылмыстың жолын кесу үшін құзырлы орган өкілдері түрлі шараларды қолданып көруде. Мәселен, мемлекет қаржысын ұрлаған әйелді, жүздеген директор мен мұғалімнің көзінше соттады. Бұл өзгелерге сабақ болсын деген тәлім. Оқиға Ақтөбе облысындағы 55 мектеп гимназиясының 413 млн. теңгеден астам ақшасын ұрлаған бухгалтеріне қатысты сот отырысы ашық өткенін көгілдір экран көрсетті. Оған облыстағы білім бөлімдерінің қызметкерлері, 403 мектептің директорлары, бухгалтерлері мен педагогтары онлайн режимде қатысты. Бір жағынан жүрегің ауырады. Екінші жағынан дұрыс, өзге әріптестеріне, мектеп басшыларына сес болсын дейсің. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілерді түрмеге экскурсияға апару тәжірибесі де жалғасып келеді. Сол жерде тергеу кабинеттері, қылмыс жасаған қылмыскерлерге арналған камералар, тұтқындардың серуендеуге арналған орны көрсетіледі. Осыны көрген мемлекеттік қызметшілердің аза бойы, қаза болатын шығар дейсің. Бірақ, айылын жыйып жатқандар шамалы. Жас түлектерге сабақ беріп жүріп, пара алған ұстаздар да әшкере болғанды. 2023 жылы пара алған сегіз ұстаз жұмыстан қуылыпты. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 8 ұстазы 1.5 жылдың ішінде студенттерден 400-500 мың көлемінде пара алып келген. Мұғалімдер алған қаржысына білім алушылар үшін емтихан тапсырып, сессиясын жауып берген. Тест жұмыстарының дайын жауабы мен дипломдық жұмыстарды сатып, өндірістік практикаға жоғары баға қойыпты. Бұл фактіні оқу орнының жанынан құрылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы анықтаған. Шыңғыс Мұхамбетқалиевтің сөзінше, заң бұзушылықтардың басым бөлігі «Таза сессия» іс-шарасы кезінде тіркелген. Анықталған факті бойынша 1 мұғалім сессия кезінде платонус жүйесі арқылы студент үшін емтихан тапсырған, 6 ұстаз пара алған. Тағы 1 мұғалім Еңбек кодексінің 52-бабының 14-тармағына сәйкес, тәрбиелеу функцияларын атқаратын жұмыскер, осы жұмысын жалғастырумен сыйыспайтын моральға қайшы қылықтар жасағаны анықталыпты. Заңды тікелей әрі өрескел бұзғаны үшін мамандармен келісімшарт біржақты бұзылып, жұмыстан босатылса, осы іске қатысы бар студенттер оқудан шығарылған. Тізе берсең білім саласындағы былық-шылықтардың ұшы-қиыры жоқ, шортаны да, шабағы да топырлап торға түсіп жатыр. Қазақта «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деген тәмсіл бар. Қылмыстың кез-келген түрі ерте ме, кеш пе түбі әшкере болады. Құнықкан адам қылмыс жасаған жеріне із қалдырмай қоймайды. Қанша жерден әккі болса да, түбі тұтылады. Сондықтан адам деген атың болған соң, арұжданыңды кірлетпей, абыройыңды төгіп шашпай, адал еңбекпен тапқан табысыңа қанағат еткенге не жетсін. Бір кесе қара су ішсең де бойыңа сіңімді болады. Білім саласындағы қара дақ, қашан ағарып тазаратынын әзірге ешкім жобалап айта алмайды. Бұл 30 жыл бойы жемқорлыққа шыланған мемлекеттің бір пұшпағы ғана. Ал онымен күрес ұзақ жылдарға созылып келеді.

**А. БҰЛҒАҚОВ**

**Суреттер ғаламтордан алынды.**

## Дүйсенбі - Понедельник, 20 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН
06.05«Түркі әлемі» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 Әскери ант
13.10 Әскери ант
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:00 Ақпарат
15:15 Апта сараптамалық бағдарлама
16.05Т/х«Қанатсыз құстар»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10«1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
00:45 «Ашық алаң» ток-шоу
01.35 «Сана»
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

### ХАБАР
05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Худ.фильм. «Письма к Джульетте»
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10.25күнделік «Ұлы дала жорығы»
10:30 мультфильм « Стань легендой Бигфут младший»
11.45 МультТ/с «Мегамато»
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00, 21:45 Т/х «Ұлболсын»
16.00, 23:30 Т/с «Научи меня жить»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА
06.20Т/х «Ене»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.10 «Жарық сәулесі» телехикаясы
11.35 «Кеш келген махаббат»үнді т/х
12.50,23.30Т/х «Шаньян ханшайым»т/х
13.45 Т/с «Қаһарман»
15.10, 00.20 Т/с «Склифософский-5»
17.10 «Искушение»т/с
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы

### ЕВРАЗИЯ
06.00«Конец парада» т/с
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50 Х/ф «Вечная жизнь Александра Христофорова»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «крепкие орешки-2»
00.20 Ночной кинотеатр. «Собор»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Кереміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:50 «Паутина»

### КТК
07:05 «Әнім сен едің» қайталау
07.55Т/х «Жат туыстар»
10.00 «Парад юмора» ш/п
13.00 Мелодрама «Сыщицы»
12:40 Т/с «Тому что было не бывать»
15.00Т/х «Өртенген сезім»
18.40 Дау -дамайсыз
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.40 «Отставник»
02:05 парад юмора
03:50 «Астарлы ақиқат
04:30 «Дау-дамайсыз»
05:10 кешкі жаңалықтар

### ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Шіркін-ай»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Ділмар»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «Әзекжарды»
13.30 «Менің балалық шағым»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ойсарап»
17.00 «Әсем әуен»
17.25 «Ойлан»
18.00 «Дәрігер кеңесі»
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Жетісу-спорт»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 К/ф «Қажымұқан»
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ
06:00 әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.30 Кино «Стартрек. Бесконечность»
12.10 Хандаза жумонг
15.20 Кино. «Люди в черном-2»
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Континуум»
23.20 Хандаза Жумонг
02.00 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02:50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Қырсық Хандаза»

### 7 КАНАЛ
06.02Т/х «Qелі»
06.30 Махаббат қызық хикая
08.10, 15:40 Жұлдыздар шеруі
09:00 Т/с «По велению сердца»
11:00, 19:30 Т/с «Вангелия»
13:00, 21:30 Т/с «Нити судьбы»
14:50 т/х «Әке мен әке»
17.40 т/х «Алданған арман»
23.20 Т/х Әзіл ман
00.00 Махаббат қызық хикая
02.10 Бастық боламын
03.30 Тойлайк
04:12 Үзіліс

## Сейсенбі - Вторник, 21 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН
06.05, 04.10 «Түркі әлемі» д/ф
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00,10 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 18.00 «Құрсаудағы қыз» т/х
12.10 «Әскери ани» т/х
13.10 «Әскери ант» т/х
13.20 «Тату-тәтті» реалити шоу
15.15 Ақорда
15.30 «Інжу-маржан»
16.05 «Қанатсыз құстар» т/х
20.30 Ашық алаң
21.25 «Сұңқар» т/х
22.15 «Бауырлар»
23.10 «Мың бір түн» қоғамдық бағдарлама
00.45 «Ашық алаң»
01.35« Сана»
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

### ХАБАР
05.00 «Пәленшеевтер» т/х
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 Народный контроль
10.25 «Ұлы дала жорығы»
10.30 М/ф «Семейка бигфутов»
11.45 м/с «Мегамато»
12.00, 20.00 «Тағдырға сен-2» т/х
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х
15.00 «Ұлболсын» т/х
16.00, 23.30 «Улыбка пересмешника» Т/с
18.00 Новости
18.25 «Итоги» ток-шоу
19.00 Жаңалықтар
19.25 «Талқы» ток-шоу
21.45 «Тасқын» т/х
22.30 Хабарлайк тікелей эфир

### АСТАНА
06.20 Т/х «Ене»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-5»
10.10 «Жарық сәулесі»
11.00 «Кеш келген махаббат»
12.50,23.30 Т/х «Шаньян ханшайымы»
13.45 «Қаһарман»
15.00, 00.20 Т/с «Склифосовский-6»
17.10 «Искушение» т/с
20.00 «Астана таймс»
21.55 Қорғаушы ханым

### ЕВРАЗИЯ
06.00 «Конец парада»т/с
07.00 «Паутина»
08.0 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 Модный приговор
11.05 «Давай поженимся!»
11.55 «Ветреная женщина» Т/с
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Крепкие орешки-2»
00.20 Т/с «Собор»
02.05 «Новости»
02.20 «Жаңалықтар»
02.35 Кереміз
03.20 «Басты жаңалықтар»
03.50 Паутина

### КТК
07.05 кешкі жаңалықтар / қайталау/
07.30 «Жат туыстар»
09.20 «Было дело»
10.20 Т/с «Игры детей старшего возраста»
11.20 «Отставник» /повтор/
13.45 Т/с «Маруся»
15.40 Т/х «Өртенген сезім»
18.40 Дау -дамайсыз
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.40 «Отставник»
02.10 Т/с «Игры детей старшего возраста»
03.40 Астарлы ақиқат
04.30 «Дау-дамайсыз»
05.10 кешкі жаңалықтар / қайталау/

### ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ел мен жер»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Дәрігер кеңесі»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу-спорт»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Тиын»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Исабеков әлемі»
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ
06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро/рус., каз./
08.00 тик-ток шоу
08.30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь» м/с
09.30 Кино. «Континуум» / повтор/
12.00 Хандаза жумонг
15.10 Тикток шоу
15.30 Кино. «Люди в черном-2»
17.30 Кино. «Терминатор»
20.00 Информбюро
21.30 Кино «Жажда смерти»
23.20 Хандаза Жумонг т/х
02.00 «31 әзіл»
02.30 Тайм вайн
02.50 Тик-ток шоу
03.20 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Қырсық хандаза» т/х

### 7 КАНАЛ
06.02 Т/х «Qелі»
06.30 Махаббат, қызық хикая
08.10, 15.40 Жұлдыздар шеруі
09.00 «По велениюсердца» Т/с
11.00 Вангелия
13.00, 21.30 «Нити судьбы» Т/с
14.50 «Әке мен әке» т/х
17.40 «Алданған әйел» т/х
19.30 «Зулейха открывает глаза» Т/с
23.20 Т/х Әзіл ман
00.30 Махаббат қызық хикая
02.10 Бастық боламын
02.30 Тойлайк
04.12 «Үзіліс»

## Сәрсенбі - Среда, 22 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН
06.05 , 04.10 «Түркі әлемі» д/ф
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ
07.00 «Таңшолпан» тікелей эфир
10.10 , 18.00 «Құрсаудағы қыз»
12.10, 21.25, 13.10 «Сұңқар» т/х
13.20 «Тату тәтті» реалити шоу
15.15 «Технократтар талқысы»
16.05 «Қанатсыз құстар» т/х
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 «Бауырлар» т/х
23.10 «1001 түн» қоғамдық ток шоу
00.45 «Ашық алаң» ток-шоу
1 35 Сана
02.40 «Тату –тәтті» реалити шоу

### ХАБАР
05.00 «Пәленшеевтер» т/х
07.00 «Оян!»
10.00 Неосет
10.20 «Ұлы дала жорығы»
10.25 «Том және оның сөйлейтін достары» м/с
12.00, 20.00 «Тағдырға сен-2» т/х
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х
15.00, 21.45 «Тасқын» т/х
16.00, 23.30 «Улыбка пересмешника» Т/с
18.00 Новости
18.025 «Итоги» ток-шоу
19.00 Жаңалықтар
19.25 Талқы
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА
06.20 «Ене»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-5»
10.10, 21.55 «Қорғаушы ханым»
12.00 Кеш келген махаббат
12.50, 23.30 «Шанъян ханшайымы» т/х
13.45 «Қаһарман» Т/с
15.00 « Склифосовский-6»
17.10 «Искушение»
20.00 Астанатаймс

### ЕВРАЗИЯ
06.00 «Конец парада»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.05 «Давай поженимся!»
11.55Ветреная женщина
14.00, 01.50 Новости
14.15, 02.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.05 Басты жаңалықтар
19.00, 02.20 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Крепкие орешки-2»
22.05 «Крепкие орешки-3»
00.20 Т/с «Танго для одной »
03.35 Паутина

### КТК
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жат туыстар»
08.40 Вечерние новости
09.20 «Было дело»
10.20 «Игры для старшего возраста»
11.20 отставник /повтор/
13.45 «Маруся»
15.40 Өртенген сезім
18.40, 04.30 Дау -дамайсыз
19.30,05.10 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.40 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.40 отставник
02.10 «Игры для старшего возраста»
03.00 Было дело

### ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Өшпес ерлік»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Шіркін-ай»
14.20 «Әсем әуен»
14.30 «Туынды тарихы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ
06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00, 02.30 тик-ток шоу
08.30 тайм вайн
09.50 «Команда мстителей»м/с
09.30 «Терминатор»
12.00 Хандаза жумонг
15.10 тик ток шоу
15.40 «Жажда смерти»
17.50 Х/ф Анаконда -2
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Хенкок»
23.00 Хандаза Жумонг
01.40 «31 әзіл»
02.00 Тайм вайн
03.00 Ватсап
03.30 Әзіл студио
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Қырсық хандаза»

### 7 КАНАЛ
06.02 Q-елі
06.30 Махаббат қызық хикая
08.10, 15.40 жұлдыздар шеруі
09.00 будь что будет
11.00 19.30 Зулейха открывает глаза
13.10, 21.30 Нити судьбы
14.50 «Әке мен әке» т/х
17.40 Алданған әйел
23.20 Әзіл ман
00.30 Махаббат қызық хикая
02.10 бастық боламын
03.30 Тойлайк
04.22 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУ ОРНЫ

# АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІН

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙДЫ

***АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ТАҒАМ ӨҢДЕУ, ТОҚЫМА ЖӘНЕ ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП, ИНЖИНИРИНГ ЖӘНЕ IT, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС, ТУРИЗМ САЛАСЫ, СЕРВИС ИНДУСТРИЯСЫ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ ҮШІН МАМАНДАР ДАЯРЛАУДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЖЕТЕКШІ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.***

АТУ Орталық Азияда жетекші орынға ие және Қазақстанның үздік техникалық жоғары оқу орындарының тізіміне кіреді. Аталмыш оқу орны 1957 жылы құрылған және содан бері жеңіл және тамақ өнеркәсіп мамандарын даярлау бойынша Қазақстанның үздік оқу орнының қатарына кіреді. Екі мыңыншы жылдары университет материалдық-техникалық базасын мақсатты түрде нығайтып, үш оқу ғимаратын, 2 245 орындық бес жатақхананы, жабық және ашық спорт кешендерін, үлкен акт залын және тамақтандыру комбинатын пайдалануға береді. Барлық ғимараттың жалпы көлемі 70 мың шаршы метрді құрайды.

Оқу орнының кітап және ақпараттық қорлары едәуір арта түсіп, оқу сабақтары мен ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған заманауи зертханалар ашылды. Сондай-ақ, ғаламдық ақпараттық желілерге кіру қамтамасыз етіліп, Tamos University Suite оқытуды басқарудың автоматты жүйесі енгізілді, үш ғылыми-зерттеу институты: Тағам технологиялары жөніндегі ҒЗИ; Жеңіл өнеркәсібі проблемалары жөніндегі ҒЗИ және аккредиттелген зертханасы бар Тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі жөніндегі ҒЗИ; Нан, Сүт және Ет орталықтары; магистранттарға және докторанттарға арналған Ғылыми зертхана; АТУ жұмысының бейіні бойынша орта буындағы мамандар даярлайтын Технология-экономикалық колледжі (ТЭК) жұмыс істей бастады. 2010 жылы университет жоғары оқу орны жанында Ғылыми-технологиялық зерттемелерді коммерцияландыру Кеңсесін ашу жөніндегі ҚР Ұлттық инновациялық қорының байқауын жеңіп алды. Кеңсенің миссиясы университеттің аймақтық орналасқан жеріне сәйкес коммерцияландыру үдерісін тиімді басқаруды ұйымдастыру болды.

Екі мыңыншы жылдардың ортасында ректор Құралбек Құлажановтың бастамасымен университетте Қамқоршылар кеңесі құрылды. Еліміздің 25 жетекші кәсіпорындарының жетекшілері бүгінде АТУ Қамқоршылар кеңесінің мүшелері болып табылады. Бұл Кеңес бизнес пен жоғары оқу орны арасындағы қарым-қатынасты кеңейтуге және белсендетуге берік негіз жасады. Бүгінде көптеген кәсіпорында, ірі өндірістік компанияларда, ғылыми орталықтарда АТУ-дың мамандар даярлап шығаратын кафедраларының филиалдары бар.

Алматы технологиялық университеті (АТУ) – тағам, қайта өңдеу, тоқыма және жеңіл өнеркәсібі салалары, сондай-ақ бизнес және қонақжайлылық индустриясы үшін мамандар мен ғылыми қызметкерлерді алпыс жыл бойы даярлап келетін Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Жоғарыда аталған мамандар даярлау бағыттары бойынша АТУ Орталық Азия аймағында көшбасшы болып табылады. Университет Боллон декларациясының принциптерін жоспарлы түрде іске асыра отырып, 2010 жылы Magna Charta Universitatum (Университтердің Ұлы Хартиясына) қол қойған болатын. Еуропалық университеттер қауымдастығының 2014 жылғы 3 сәуірдегі шешімімен Алматы технологиялық университеті Еуропалық университеттер қауымдастығының (EAU) қауымдастырылған мүшесі ретінде тіркелген.

Өзінің негізгі қызметінде сапаға қол жеткізу, Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуы үшін мамандарды даярлау және қайта даярлау, сондай-ақ зерттеу университеттеріне тән заманауи инновациялық және кәсіпкерлік инфрақұрылымды қалыптастыру саласында АТУ-дың нақты белгіленген саясаты мен стратегиясы бар. АТУ-дың соңғы кезеңдегі кейбір жетістіктері мыналар: Ұлыбританияның Бүкіләлемдік сапаны бақылау жөніндегі инспекциясының Moody International Certification халықаралық аудитінің ISO 9001 Сапа Менеджменті Жүйесінің (20015 ж.), «Русский регистр» және «IQNet» аудит жөніндегі халықаралық агенттіктерінің халықаралық сертификаттары алынды.

2012-2013 жылдары АТУ кезекті мемлекеттік аттестаттаудан, сондай-ақ Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігінде (ББСҚТҚА) халықаралық институционалды аккредиттеуден, ASIIN (Германия) Халықаралық Аккредиттеу Агенттігінде және Аккредиттеу және Рейтинг жөніндегі Тәуелсіз Агенттігінде білім беру бағдарламаларының (АРТА) мамандырылған аккредиттеуінен өтті. Университеттің әртүрлі білім беру деңгейлерінің барлық 48 білім беру бағдарламалары аккредиттелген болатын.

Ұлттық аккредиттеу орталығының Бас рейтингісінде АТУ республиканың үздік техникалық жоғары оқу орындарының бірінші ондығына кіреді, ал тағам және қайта өңдеу, жеңіл және тоқыма өнеркәсібі салаларының бейінді мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары рейтингісінде бірінші орындарды тұрақты иеленуде.

АТУ-дың ғылыми-педагогикалық ұжымы – 700-ден астам ғалымдар мен оқытушылар, олардың ішінде: халықаралық және ұлттық ғылым академияларының 19 толық құқықты мүшелері, 62 ғылым докторы, 167 ғылым кандидаты мен 27 философия докторы (PhD) бар. Оқу орнында 60 пайызға жуық тағам және жеңіл өнеркәсібі саласындағы қазақстандық ғылым докторлары мен 40 пайыз ғылым кандидаттары еңбек етеді, бакалавриаттың 22, магистратураның 19, PhD докторантураның 11 және Технология-экономикалық колледжінің 17 білім беру бағдарламалары бойынша 9000-нан астам студент білім алуда. Көрнекті ғалымдар мен жас таланттарға берілетін мемлекеттік стипендияны 22 ғылым докторы мен кандидаттары иеленді. 42 оқытушы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы Мемлекеттік грантына ие болды.

АТУ-дың басты игілігі ұлттық экономиканың түрлі салалары үшін 50 мыңнан астам жоғары білімді мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындағаны. АТУ түлектері бүгінде көптеген алыс және жақын шет елдерде еңбек етуде, мемлекеттік құрылымдарда, ел экономикасының нақты секторларының өнеркәсіп кәсіпорындары мен ұйымдарында жоғары қызметтер атқаруда. Ең бастысы, оңдаған мың түлек отандық индустрияның бейінді салаларында технологиялық үдерістерді басқарып келеді.

Университет Еуропалық Одақтың TEMPUS, ERASMUS, FP-7 бағдарламаларына белсенді түрде қатысады. TEMPUS халықаралық бағдарламасы аясында Урбина және Анкона (Италия) университеттерінің, Копенгаген (Дания) университетінің серіктестерімен АТУ жанында екі мыңыншы жылдардың басында GADET Киім дизайны жөніндегі Оқыту орталығы қызмет етті.

Тағам қауіпсіздігі бойынша магистрлік оқу бағдарламасын әзірлеу атты TEMPUS бағдарламасы бойынша Ван Холл Ларенштейн (Нидерланды) Кәсіби білім беру университеті мен Гринвич Университетімен (Британия) бірлесе тағам қауіпсіздігі жөнінде магистрлік бағдарламаның стандарты әзірленген болатын. Қоғамдық-пайдалы университеттер құру атты TEMPUS бағдарламасы бойынша Еуродақ елдерінің (Бельгия, Чехия Республикасы, Финляндия, Литва, Испания, Германия) серіктестерімен бірлесе университетте Зерттеу және Инновациялық Даму Орталығы (REDIC) ашылған.

Университет ғалымдары қызметінің нәтижелілігіне, сондай-ақ АТУ-дың ғылыми-білім беру әлеуеті мен оның көшбасшылық позицияларының танылуына төмендегі жайттар куә бола алады: ҚР БжҒМ бұйрығымен АТУ Азық-түлік өнімдері және биотехнология (BIO-NCP) тақырыптық бағыты бойынша Еуропалық Одақтың F7 бағдарламасының Ұлттық үйлестірушісі болып бекітілуі; ҚР ИТМ бұйрығымен АТУ жанында Технологиялар және жаңа буындағы тағам өнімдері атты №67 Стантарттау жөніндегі Техникалық комитетінің құрылуы; TEMPUS-1-2008 Еуропалық Одақ жобасы бойынша Зерттеу және Инновациялық Даму Орталығының (REDIC) құрылуы; Мәскеу қаласындағы Ет және Сүт индустриясы Халықаралық форумының көрмелерінде (2008 жыл мен 2016 жылдар аралығы) жиырмадан астам алтын және 2 күміс медалін иелену; Мәскеу қаласындағы Золотая осень Ресей Агроөнеркәсіптік ғылыми жетістіктер көрмесінде (2009 жылдан осы уақытқа дейін) жыл сайын алтын медальдарды иелену; Қараөткел жәрмеңкесі (Астана, 2011 ж.) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық кешені жетістіктерінің жәрмеңкесінде алтын медальға ие болу.

АТУ ғылыми-білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде білім алушыларға шет елдік жазғы тәжірибеден өтуге және Қос дипломдық бағдарлама жобасы бойынша оқудан өтуге, ал профессорлар-оқытушылар құрамына біліктіліктерін жетілдіру үшін шет елдік ғылыми тағылымдамалардан өтуге мүмкіндік береді. Қос диплом бағдарламасы бойынша АТУ студенттері мен магистранттары Вильдау қаласының (Германия) Қолданбалы ғылымдар техникалық университетінде, Познань қаласының (Польша) Қоғамдық тамақтандыру және қонақ үй бизнесі академиясында, Сантьяго де Компостелла (Испания) Университететінде, R.D.T. (Швейцария) халықаралық институтында, Прага қаласының (Чехия) Химия-технологиялық университетінде, Пловдив қаласының (Болгария) Тағам технологиялары университетінде білім алуда. Ал INTER-CULTURE-TRAINING бағдарламасы бойынша АТУ студенттері Испания, Болгария, Чехия, Оңтүстік Корея және тағы басқа елдерінің серіктес университеттерінде жазғы кезеңде кәсіби тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие.

Университет жұмысының деңгейі көбінесе оның негізгі құрылымдық бөлімшелері факультеттер мен кафедралары қызметінің нәтижелеріне байланысты. Мәселен, бейінді құрылымдық бөлімшелерінің бірі Жеңіл өнеркәсіп және дизайн факультеті KITECH (Оңтүстік Корея) Өнеркәсіп технологиялары институтымен, Манчестер Метрополитен университетімен (Великобритания), Мәскеу дизайн және технологиялар университетімен және оның Новосибирск технологиялық институтымен, Ташкент тоқыма және жеңіл өнеркәсібі институтымен, Габрово (Болгария) техникалық университетімен халықаралық ғылыми және шығармашылық байланыстарын нығайтып келеді. Факультет оқытушылары Оңтүстік Корея, Италия, Ұлыбритания, Болгария, Ресей және ТМД-ның басқа елдерінің серіктес институттарында жыл сайын шетелдік тағылымдамалардан өтуде. Факультет қызметкерлері халықаралық байқаулар мен көрмелерге белсенді қатысады. Факультет қоржынында IX ҰЛТТЫҚ ЖАСТАР ДЕЛЬФИЙ ОЙЫНДАРЫ» республикалық байқауында Бейнелеу өнері және Web дизайн номинацияларында алынған екі алтын медаль; Сибирский Кутюрье (Ресей, Новосибирск қ.) халықаралық сәнгерлер байқауында иеленген «Этнос» және «Светский раут» номинациясындағы екі диплом, «Серебряная пуговица» және Сапфировая пуговица номинациясындағы Бас жүлде; Food market-2014 Халықаралық көрмесіндегі алтын медаль; Central Asia Fashion-2013 Халықаралық көрмесіне қатысқаны үшін Мадақтама қағазы бар. Факультеттің барлық білім беру бағдарламалары өткен оқу жылында ASIIN (Германия) халықаралық Аккредиттеу Агенттігінде және Білім берудегі Сапаны Камтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз Қазақстандық Агенттігінде (ББСҚТҚА) аккредиттау аудитінен сәтті өтті. Инжиниринг саласындағы Еуробакалавр құрмет белгісімен Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы білім беру бағдарламасы марапатталды. Тоқыма материалдарының жобалануы бағдарламасы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары Ұлттық рейтингісінде бірінші орындарды иеленуде.

Факультетте Қазақстан-Корея ғылыми-білім беру технологиялар орталығы, сондай-ақ Көркемдік Кеңес құрылған. Профессорлар Р.Жылысбаева (АТУ) және Хван, (Uniplatec, Оңтүстік Корея) ғылыми жетекшілігімен Жылуды ұстап тұратын тоқыма материалдарын әзірлеу атты бірлескен ғылыми жоба орындалуда. Факультет түлектері: Айгүл Қасымова (Aigul Kassymova студиясы), Аида Кауменова (Aida KaumeNOWA Сән үйі), Салтанат Баймухамедова (Salta Сән үйі), Зухра Абитова (Гардероб ательесі), Алена Ривлина (San Bell Сән агенттігі), Ирина Панюшкина (Look Сән агенттігі) дизайнерлік таланттары мен алған арнайы мамандықтары арқасында өркендеп келе жатқан қазақстандық сән бизнесінде лайықты орнын алды.

Біздің университет қонақ үй және мейрамхана ісі саласындағы мамандарды даярлаудың бастамашысы ретінде отандық мамандарды әлемдік тәжірибенің үздік үлгілері негізінде даярлау мақсатында туризм және қонақжайлықтың жетекші шет елдік мектептерімен ынтымақтастық орнату бойынша белсенді жұмыстар атқаруда. АТУ және Швейцариялық HTMI (Туризм және қонақүй менеджменті институты Hotel and Tourism Management Institut) 2014 жылы мамандарды бірлесіп даярлау туралы меморандумға қол қойды. Осылайша, бірлескен білім беру бағдарламасына қатысушы факультет студенттеріне негізінен Қазақстанда оқып жүріп, беделді еуропалық білім алып, Туризм, қонақүй бизнесі менеджменті және шаралар ұйымдастыру мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін беру туралы HTMI (Hotel, Tourism and Events Management) Дипломының; Туризм және Мейрамхана ісі және қонақүй бизнесі мамандықтары бойынша бакалавр дәрежесін беру туралы АТУ Дипломының иегері атанудың бірегей мүмкіндігі беріледі.

Осы халықаралық білім беру бағдарламасына студенттерді алғашқы қабылдау 2014 жылы іске асырылған. Бағдарламаны жүзеге асыруға екі факультет: Тағам өндірістері факультеті және Мейрамхана ісі және қонақүй бизнесі және Туризм мамандықтары бар Экономика және бизнес факультеті тікелей қатысады.

Тағам өндірістері факультетінің Польша Қоғамдық тамақтандыру және қонақ үй бизнесі академиясымен, сондай-ақ Германияның Қолданбалы ғылымдар техникалық университетімен бірлесе Қос дипломдық білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау тәжірибесі бар. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде факультет студенттері Австрия, Болгария, Чехия, Испания, Франция елдерінің университеттерінде де білім алуда. Факультетте білім алушылардың Тағам технологиялары университеті (Пловдив қ., Болгария), Сантьяго де Компостелла Университеті (Испания), Прага химия-технологиялық университеті және Мендель университеті (Брно қ., Чехия) сияқты Еуропаның белгілі техникалық жоғары оқу орындарында халықаралық тағылымдамадан өтуі жыл сайын ұйымдастырылады.

Білім беруді интернационалдандыру іргелі пәндерді шет тілдерінде оқыту үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар кешенін көздейтіні белгілі. Сондықтан Азық-түлік өнімдерінің технологиясы және Биотехнология мамандықтарында оқитын студенттер үшін Микробиология, Молекулярлық биология, Тағам өнімдерінің биохимиясы, Саланың жалпы технологиясы, Сүт және сүт өнімдерінің биотехнологиясы, БАВ биотехнологиясы, Шикізат пен тағам өнімдерінің қасиеттері зерттеу» сияқты негізгі және бейінді пәндер ағылшын тілінде оқыту ұйымдастырылған.

Тағам өндірістері факультетінің барлық білім беру бағдарламалары ASIIN халықаралық Аккредиттеу Агенттігінде (Германия) және Аккредитация және Рейтинг жөніндегі Тәуелсіз Агенттігінде (АРТА) мамандырылған аккредитациясынан өткен.

2014 жылы мамырда ASIIN факультеттің Азық-түлік өнімдерінің технологиясы және Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы атты екі білім беру бағдарламасына инжиниринг саласындағы Евробакалавр құрмет белгісін беру туралы шешім қабылдады.

Анықтама: Еуропалық Аккредиттелген Инженер (European Accredited Engineer – EUR-ACE) жобасы Еуропалық Одақтың қамқорлығымен Болон үдерісі аясында Еуропада 2004 жылдың қыркүйегінен бастап жүзеге асырылуда және инженерлік білім беру сапасының жалпы еуропалық жүйесін құруды мақсат тұтады.

HTMI-мен бірлескен бағдарламаның басқа қатысушысы Экономика және бизнес факультеті мемлекеттік мекемелермен, салалық қоғамдық-кәсіптік бірлестіктермен және ұйымдармен, Алматы қаласы мен көршілес облыстардың өнеркәсіптік кәсіпорындарымен тығыз байланыстар орнатқан. Айталық, Қазақстан қонақүйлер мен мейрамханалар Қауымдастығымен, Туристтік Агенттіктермен (Амари Тур, Assyl Travel және т.б.), екінші деңгейдегі ірі Банктермен, Сентрас Иншуранс СК АҚ-мен, Бухгалтерлер мен аудиторлар Қауымдастығымен, Биржа университетімен, Даму қорымен, сондай-ақ Адал, Алем-кенсе, Алматы-нан, Арарат, Аксай-нан және т.б. сияқты тағам кәсіпорындарымен ынтымақтастық байланыстар орнатылған. Ұйымдар мен серіктес кәсіпорындардың жетекші мамандары факультеттің студенттер қауымы алдында дәрістер оқып, шеберлік сабақтар, тәжірибелік семинарлар мен тренингтер өткізіп, АТУ-да өткізілетін бос орындар жәрмеңкелеріне қатысады. Факультет студенттері, әдетте, осы кәсіпорындар мен ұйымдарда кәсіби тәжірибеден өтеді.

Нарықтық шаруашылық жүргізу жағдайында жоғары оқу орындары түлектерінің жұмысқа орналасуы түлектер үшін де, жоғары оқу орындары үшін де өзекті мәселе екені белгілі. Әрбір жоғары оқу орны екі нарықтың: жұмысы өзара тығыз байланыста болатын білім беру нарығының және өндірістік еңбек нарығының субъектісі болып табылады. Осы нарықтардың арасындағы ынтымақтастық АТУ-да бүкіл оқу жылы барысында үздіксіз жүреді. 2015-2016 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасуы мониторингісінің мәліметтері мынадай: жалпы университет бойынша жұмысқа орналасу 87,1 пайыз, тағам өндірістері, жеңіл өнеркәсіп және дизайн факультеттері түлектердің 92,7 пайызын, экономика және бизнес факультеті 78,2 пайызын, инжиниринг және ақпараттық технологиялар факультеті 87,2 пайызын жұмысқа орналастырды. Аталған факультеттердің жазғы кезеңде жұмысқа орналаспағандардың көбісі АТУ және басқа жоғары оқу орындарының магистратурасына қабылдау емтихандарын тапсырды. АТУ түлектерінің жұмысқа орналасуының жоғары көрсеткіштері жыл сайын тұрақтылығын сақтап келеді.

АТУ-дың барлық факультетінің шығарушы кафедралары республиканың жетекші кәсіпорындары мен ұйымдарымен жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу және олардан өз түлектері туралы пікірлерін алу арқылы тығыз байланыста болады. Сонымен қатар, біздің жұмыс берушілер білім беру бағдарламалары бойынша элективтік пәндер каталогын құрастыруға тартылтынын айта кету керек. Бұл жұмыс берушілер тарапынан мамандарға деген сұранысын арттырады. Студенттердің белгілі бір бөлігі кәсіпорындарда (ұйымдарда) өндірістік тәжірибеден өтіп, артынан сонда жұмысқа орналасады. АТУ-да даярланған мамандар (технологтар, құрастырушылар, зерттеушілер, жүйелі ұйымдастырушылар, бағдарламашылар) өнеркәсіптің бейінді салалары кәсіпорындарының инженерлік-техникалық қызметкерлердің негізгі бөлігін құрайды.

Бакалавриат бағдарламаларының түлектері, негізінен, тағам және қайта өңдеу, жеңіл және тоқыма өнеркәсібі салаларының өндірістік кәсіпорындарында, сондай-ақ машина жасау кәсіпорындарында, заманауи техниканы және жаңа өндірістік-технологиялық үдерістерді зерттеумен және әзірлеумен айналысатын бейінді және бейіні жағынан жақын ғылыми-зерттеу, құрастыру және жобалау ұйымдарында жұмыс жасау үшін даярланған.

Сөйтіп, Алматы технологиялық университетінің бүкіл қызметі оның көшбасшылық ұстанымына сай келетін үздіксіз кәсіби білім беру кешенін қалыптастыру тұжырымдамасына негізделген. Оқу ордасының осындай берік ұстанымы болмаған жағдайда еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандар даярлау мүмкін болмас еді.

Алматы технологиялық университеті әу бастан бастап бизнес, менеджмент, басқару, жеңіл өнеркәсіп саласында түрлі бағыттағы мамандарды даярлаумен айналысады. АТУ Орталық Азияда көшбасшы орынға ие және Қазақстанның үздік 5 техникалық университеттерінің тізіміне кіреді. Студенттерге бейіндік бағыттар бойынша әмбебап бағдарламалар және бакалавриат, магистратура, докторантура, қос дипломды білім беру және қашықтықтан оқыту бағдарламасын қамтитын заманауи білім беру жүйесі ұсынылады.

**Ш. КЕНЕНБАЙ,**
**АТУ қауымд. профессоры.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЛБЕТ

# АДАМИ АРЫН АРДАҚТАҒАН ЖАН ЕДІ

## Марат Құрмашұлы жайлы шынайы сыр мен жыр

***ЖЕТІСУ ӨҢІРІНІҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ МАРАТ БАЙҚАНОВ ҚҰРМАШҰЛЫ ТІРІ БОЛҒАНДА БҮГІН ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ ТОЛУ МЕРЕЙТОЙЫН ДҮРКІРЕТІП ӨТКІЗІП, ОРТАМЫЗДА ЖАЙДАРЫ ЖҮЗІНЕН ШАПАҒАТ НҰРЫН ШАШЫП, ЖЫМИЯ КҮЛІП, САЙРАНДАР ЕДІ-АУ. ДЕГЕНМЕН «АРТЫНДА БАР ОҢАЛАР» ДЕМЕКШІ, СҮЙІКТІ ЖАРЫ МАРИЯМ АЙТБАЙҚЫЗЫ МЕН БАЛАЛАРЫ ОТАҒАСЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ ОРАЙ ЕСКЕ АЛУДЫ ҰЙҒАРЫП, АС БЕРІП, ДҰҒА БАҒЫШТАУДЫ ЖӨН САНАПТЫ.***



Осы шараға байланысты Марат Құрмашұлы жайлы замандас-құрдасы ретінде естелік жазудың реті келгендіктен, қолыма қалам алуға тура келді. Макең менен он екі күн кішілігін алға тартып, алдымнан кесе-көлденең қиып өтпей, инабатты ізеттілігін танытып жүретін еді. Үстел басына отырмас бұрын Марат Құрмашұлы кім еді дегенге ой жүгірттім. Арлы-бері ойланып барып, француз философы Боэси (Этьен де ла) «Достық – қасиетті сөз, қасиетті сезім, ол тек жөні түзу адамдар арасында ғана қалыптасып, өзара құрмет негізінде дамиды» деген сөзіне жүгінгенді жөн көрдім. Неге десеңіз, осы бір ұлағатты тәмсіл тұп-тура Марат Құрмашұлына қаратып айтылғандай әсер етті. Макеңнің адами қасиеттерін дөп басып, парасаттылығын дәлелдей түсетін темірқазық секілді көрінді. Олай дейтінім, арда азаматтығын ардақтай білетін Марат жанына жақын тартқан адамдармен сыпайылықпен сыйласа білетін, оларды құрметтеп қадірлейтін. Арада қалыптасқан достық қатынасын үзбей, оны одан әрі жалғастыра беруге жаны құштар жомарт көңілді, кеңпейіл азамат-тын. Оның кісілікті қасиетін, өнегелі тағылымды тәлімін қызмет бабында ғана емес, қарапайымдылық пен кішіпейілдікке, маңғаз мінезіне тән шынайы адалдықты ардақтаған адамгершілік кемелділік дәрежесінің жоғарылығына негізделген жолдастық қарым-қатынас арқылы дамытып, біртебірте шынайы достық дәрежесіне дейін ешбір ақаусыз жалғастырып, оны игілікті үрдіске ұластыра білетіндігі нақты дәлел. Өзіндік қадір-қасиетін сақтап, сабырлық сабасының шегінен шықпайтындығы, бүкпесіз ашық әңгімелесуі әдептіліктен озбайтын-ды. Биязылығы мен сыпайылығы, көңілінің кеңпейілдігі, айқара құшақ ашып бауырына басуы жанымызға майдай жағып, ынтымақты аралас-құраластығымыз өзара түсіністікпен жарасымдылық тауып, таза ниетпен кілтипансыз баурай түсуі мен өзіне магнитше тартып әкететіндігі арамызға сына қақтырмайтын.

Марат Құрмашұлының тағы бір жағымды жақтары оның азаматтық ажары, кісілік кейіпінен аңғарылатын. Қасындағылардың қытығына тимей, керісінше жақсы тұстарын дәріптеуге бейімділігі басым тұратын. Ол жаны жомарт жандарды мінәсәр мінәйі мінезімен өзіне икемдеп, жанына жақын тартатын. Оралымды ақыл-парасаты мен оңтайлы ойлары, әдемі әзілдері мен қағытпа қалжыңдары езуімізге күлкі үйіріп, әңгімесі көпшілік ортада өзара үйлесімділігін тауып жататын-ды.

Біз көбіне бір дастарқанда бас қосып, әңгіме-дүкен құрып, емен-жарқын сұхбаттасып, сырласатынбыз. Сондай сәттерде ақ көңілділігін, ашық мінезділігін жазбай танып, берік ұстанатын адамгершілік қасиетінен ауытқымай, ой-пікірін баппен әдемілеп жеткізетін. Бипаздығының өзі қандай! Адами асыл ұлағатты үрдістеріне үңілген сайын тылсым әлемінің тұңғиығына бойлағандай сезінетінбіз. Сабырлы салмақтылығына сүйсінетінбіз. Инабатты, жұпыны ізеттілігінің жоғарылығын аңғарып, сыпайылығы мен сырбаздығы тәнті ететін. Әр іске сын көзбен қарайтын сыншылдығы да бар-тын. Салиқалы сөзімен өзара сыр бөлісіп, емен-жарқын пікірлесетінбіз. Кісілік кенелдігін қадірлеп, қошеметтейтінбіз. Қастер тұтатынбыз. Қымбат санайтынбыз. Мұның бәрі Байқанов Марат Құрмашұлының жаратылыс-болмысына жаратқан иесінің дарытқан мол сыйы деп ұғынатынбыз.

Сырттай қарағанда мінезі біртоға тұйықтау көрінгенімен, төңірегіне жылылық шуақ шашып отыратын кербез маңғаздығын тумысынан бойына дарыған досқа адалдығы, ағайын-туысқа қамқорлығы өзінше бір таусылмас әңгіме. Шаруашылық саласында істей жүріп осы саланың ыстық-суығын да бастан өткерді. Адал еңбегі текке кеткен жоқ. Абыройы артты. Беделі биіктеді. Мәртебесі өсті. Құдай қосқан қосағы Мариям Айтбайқызымен отасқалы тату-тәті ғұмыр кешіп, берекелі әулетті отбасына айналды. Үбірлі-шүбірлі бала-шағасын өсіріп, ұлағаттылыққа тәрбиелеп, тәлімділікке баулыды. Бал қызықтары таусылмас немерелерін сүйіп, масайрап марқайды.

Адами ұстанымы сегіз қырлы, бір сырлы екендігімен ерекшеленетін Макеңді (Марат Құрмашұлын) бүгінде өзгеше бір сағынышпен еске алып, ол жайлы әңгіменің тиегін ағыта бастағанда жүрек құрғырдың да үлпіл қағатыны бар. «Жақсы да жаттық жоқ» деп санайтын Макең кішіпейілдігімен, қарапайымдылығымен баурайтын. Жақсылармен дидарласып жүздесуді мәртебе санайтын арда азаматпен күні кеше ғана сәлемдесіп, аман-саулық сұрасып, сыйлы отырыста бірге болған Марат Құрмашұлы сынды зиялы замандас-құрдастан аяқ асты көз жазып қаламыз деп кім ойлаған?! Пәни дүниеден бақилық дүниеге аттаныпты деген суық хабар төбеден жай түскендей жүректі сыздатып, есеңгіретіп тастады емес пе. Сенгің келмейтін қаралы хабарға сенбеске лаж да, амал да жоқтығына дәрменсіздікпен көндік. Басқадай амал қайсы? Шынайы шындықты бүркемелей алмасымыз хақ.

Марат Құрмашұлының азаматтық арда ісі, жайдары жүзі, адами кісілік ұстанымдары оны білетін жандардың жадыларында жатталып, жүрек төрінде сақталары анық. Марқұмның топырағы торқа, жатқан жері жарық, жаны жаннат жұмағында нұрланып, иманы салауат, алды пейіш, арты кеңіш болғай деп ізгі ниеттімізді білдіреміз.

Құрдасым деп құрмет тұтып, аса бір ілтипатты ізеттілікті ілтипатын білдіріп жүруден танбайтын, ерекше сыйлайтын замандасым әрі құрдасым адал қызмет істеп, адами арын ардақтай білген Марат Құрмашұлының бекзаттық зиялы болмыс-бітімі, кісілік келбеті мен өнеге тұтарлық тұшымды тұстары жайлы ойға түйгендерімді жыр шумақтарына арқау етіп, рухына бағыштауды мұрат тұттым. Ол төмендегідей өрілді.

*Қарапайым отбасының түлегі,*
*Үлпіл қағып арман толы жүрегі.*
*Жетсем дейтін бақыт табар күндерге,*
*Мұраты осы – ең негізгі тілегі.*

*Балашақта беріліп бал сезімге,*
*Арман қуып, жалын атқан кезінде,*
*Мақсат қойып, алға өмірге қол созып,*
*Жас жігіттің нұр ойнатын көзінде.*

*Қиялға еріп, ойды көксеп көшелі,*
*Марат алғыр жігіт болып өседі.*
*Тәтті сезім жас санасын жиі арбап,*
*Қаны тулап, арман қозын кеседі.*

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

**КЕЛБЕТ**

*Жоғарғы оқу ордасынан білім ап,
Малды емдеудің жай-жапсарын біліп ап,
Жетісуға жолдамамен келгенде,
Сезінді өзін қарсы алғандай күліп бақ.*

*Қиялды ұшқыр бір арнаға үйіріп,
Көңіл әнін сақа асықтай шиіріп,
Қуанғанда қызмет-үстел бұйырып,
Дүрсіл қақты жүрегі де жиі ұрып.*

*Алғашқыда – еңбек жолын бастарда,
Көзін тігіп көгілдір кең аспанға,
Бөтен жерде қандай жайға кезігем,
Деп ойланды, Марат аз-кем сасқанда.*

*Жігерленді өзі қысып өз қолын,
Бағамдады ойлмен шолып оң-солын.
Елестетіп көз алдына жас маман,
Аймақтағы жайлау, қыстау, дөң жонын.*

*Төксе де ызғар қаңтары мен ақпаны,
Шілде мен тамыз айларының аптабы
Бет-жүзін де күреңітіп қақтады,
Бірақ Марат дамыл тауып жатпады.*

*Бұрқасынды жауылдардан ықпады,
Қарлы сырғақ жауыннан да бұқпады.
Мың құбылған табиғатқа төзіп көп,
Күн-түн демей шаруаны ныктады.*

*Жер жаннаты Жетісудің төбесін,
Малға қоныс шөбі шүйгін көбесін,
Бес саусақтай жатқа білді соқпағын,
Қырат-қырын, бұйра құмды белесін.*

*Кең жайлауда көп атырып нұр таңын,
Қыс ызғарын, жауын, боран бұрқағын
Елемейтін, берік сақтап тәртіпті,
Бұзбайтын-ды жұмыс-кесте ырғағын.*

*Жанарынан жалын шашқан нұр құшқан,
Қажымайтын құйылғандай құрыштан.
Байыз таппай отарларды барлайтын,
Жалығатын қол қусырған тұрыстан.*

*Самал желді дала төсін тербетіп,
Қарайтын-ды жоны жасыл өрге тік.
Төрт түлікті аман сақтап індеттен,
Мол табысқа үлес қосты селдетіп.*

*Қос иықпен көтерісіп ел жүгін,
Танытатын өжеттігін, өрлігін.
Жайлау, қыстау өңірлерін аралап,
Шаруаның түзей білді кемдігін.*

*Өз міндетін атқаратын құнықты,
Маманы деп өз ісінің білікті,
Қоғам үшін еңбек етіп көз ілмей,
Үлес қосты түлетуге түлікті.*

*Малшы қауым іскерлігін жақтады,
Басшылар да орны биік тақтағы.
«Марат іскер маман ғой деп білікті»,
Мәртебелі мінберлерден мақтады.*

*Болмысынан тәрбиелі текті еді.
Маңдай тері текке бекер кетпеді,
Жоғары жақ бағалады еңбегін,
Марапат та, мадақтау да көп тегі.*

*Самал желді дала төсін тербетіп,
Қарайтын-ды жоны жасыл өрге тік.
Төрт түлікті аман сақтап індеттен,
Мол табысқа үлес қосты селдетіп.*

*Құштарлықтан жаратылған жаны ізгі,
Үлкен тұрмақ кішіні де Сіз деген.
Қанға сіңген туа біткен Маратта
Үлгі тұтар өнеге көп жүздеген.*

*Шапағатын шашып жүріп үнемі,
Барша жанға мейірбанды жүрегі,
Аппақ арман орындалып тілегі,
Жетісуда ақсұңқардай түледі.*

*Адамшылық қасиетін іздеп көп,
Айта берсек толып жатыр тізбектеп.
Күнәдан пәк, періштедей кіршіксіз,
Ел ішінде Маратқа деген ізет көп.*

*Мақтан сүйер жан еместі жасынан,
Сөз қисынын қиыстырып тосыннан,
Мысқылы да, күлкісі де сүйкімді,
Ойы сергек, талғамы бай жасын жан.*

*Нұрлы өмірден тәтті үмітін үзбеген,
Жақсылықтың шарапатын іздеген,
Адамдардың ой-пікірін тыңдайтын,
Ашық қабақ, жылы ырай жүзбенен.*

*Төреліктен сөздің айтып кесімін,
Тигізбеді еш пендеге кесірін.
Озбырлық пен өктемдікті жат санап,
Қателессе, сұрай білді кешірім.*

*Өзгешелеу мінезі бар басқадан,
Пайда іздеп қараулыққа баспаған,
Күш-жігерін жұмсай жүріп ел үшін,
Жағымпазды жанарымен жасқаған.*

*Оңай олжа алуды ойлап айла ғып,
Жымысқылап көрген емес пайда алып.
Тазалығын медет тұтып арының,
Жаны тыныш ұйықтайтын жайланып.*

*Әділдікті жан-тәнімен жақтайтын,
Мараттың көп жақсылығы
мақтайтын.
Қиын кезде қысылса да кінә артып,
Достарын да, қастарын да сатпайтын.*

*Кемерінен әдептілік аспайтын,
Марат сыршыл әңгімесін бастайтын.
Дастарқанда бас қосқанда сырластар,
Көңілдерді жадыратып тастайтын.*

*Жүздесуді қуанышқа балайтын,
Сөзге берік досты қымбат санайтын.
Ынтымақтың жарастығын құп көріп,
Емен-жарқын сырласуды қалайтын.*

*Жанарында жасын оты жарқылдап,
Замандасқа ойын айтып аңқылдап,
Жөн-жосықты, жай-жапсарды ұғынып,
Әрбір істің түсінетін парқын нақ.*

*Күш-жігерін ұшқындатып жасындай,
Еш пендеге жалбарынып бас ұрмай,
Аузын аша, көмекейі көрініп,
Бар шындығын айтатын-ды
жасырмай,*

*Айдын өмір жағалауын кешкенде,
Соқпақ жолын төзіп-көніп кешкенде
Күрделі істің түйіндерін шешкенде
Жағасына жармаспаған еш пенде,*

*Өзімсініп ішке тартып туыстай,
(Жүрген шақта көп ағайын жуыспай),
Жылы жүзбен күтіп алып қонағын
Қос қолымен қысатынды уыстай.
(Сиреп барады жайсаң жандар бүгінде,
Достар қайда Марат сынды асылдай?!)*

*Кеуде керген дөкейлерге бас ұрмай,
Жаны сүймес жарамсаққа ашылмай,
Жалған айтып, кенеусізге кемсіткен,
Қаһарланып шүйілетін лашындай.*

*Ақ жүректі азамат еді еңселі.
Мысқыл сөздің орып түсер семсері.*

*Қуаныш пен жұбанышқа шақырып,
Құрмет тұтты, қадірледі ел сені.*

*Ұрпағына әділетті жол нұсқап,
Намыс туын желбіретіп қолға ұстап,
Аласартпай абыройын, беделін,
Бауыр ашты маймөңкелеп сан құшақ.*

*Сүрінгенді сүйемелдеп жебеген,
Жығылғанды қолтығынан демеген
Жылы қабақ, күндей ашық жүзімен,
Жаны жомарт, мәрт еді не деген!*

*Жоғары ұстап көп ішінде шоқтығын.
Кем-кетіктің білдірмей бір жоқтығын.
Құрбылармен иықтасып жұптасып,
Алшаң басқан талай қызық өтті күн.*

*Сараласаң еңбек жолын әр ізін,
Адал өтеп азаматтық парызын,
Аңдап басқан әр қадамын Мараттың
Елі, жері дәріптейді нар ісін.*

* * *

*Құрбылардай ойнап-күліп бірге өскен,
Мариямдай ару қызбен тілдескен.
Таныста да, табыста да қос тағдыр,
Өздерінше пікірлесіп үндескен.*

*Сол танысу махаббатқа ұласып,
Сезімдері бүршік жарды гүл ашып.
Адалдыққа берік жаны, мықты ары,
Қос аққудай қосылған-ды жұптары.*

*Келбеттері бір қалыптан шыққандай,
Бірін-бірі жүрегімен ұққандай,
Шені биік қызметтерін атқарып,
Қоңыр қаздай қатар жүрген жұп қандай!*

*Алға қойған мақсаттарға жеткелі,
Қол ұстасып өмірге айдын беттеді.
Жарастырып ынтымақты, бірлікті
Сақтай білді қасиетті тектегі.*

*Асыл арман, асқақ ойлар тербетті,
Қыз көрікті, жігіт те тым келбетті.
Ауызбірлік, ынтымағы жарасып,
Бақыт құшып, шаттық шалқып
көңілде,
Арман құсын шырқау көкке өрлетті.*

*Тірліктің де кең жолдары ашылып,
Мұрат тұтқан ойын іске асырып,
Мәнді-сәнді өмір сүру керек деп,
Алға қарай қадам басты асығып.*

*Шомылғандай аппақ нұрға таңдағы,
Аласартпай үміттерін жалғады.
Алғы күнге құлшыныспен ұмтылып,
Қанаттанған сұңқар құстай самғады.
Еңбектен де, қызметтен де қалмады.*

*Шаңырақтың маздап жанып оты
ыстық,
Қайнап жатты ошағында ырыс-құт.
Татулықты жалау ту еткен ордада
Орнады нық берекелі тыныштық.*

*Нұрлы жүздің бір өзгермей ырайы,
Жанарында тұнып тұрар ұдайы,
Тылсым сырдың құпиясын жасырған
Мариямның мінезінде мінәйі.*

*Ұрпағының өрелі ойын түлетіп,
Әлпештеді жауқазындай гүл етіп.
Ата-аналар еске алады аңыз ғып,
Өнегелі өмірлерін үлгі етіп.*

*Жымың қағып жұлдыздардай көктегі,
Санасына нық дарыған бек тегі,
Отбасында масаттанып шат күліп,
Ұрпақ өсті. Тамыр жайып көктеді.*

*Қызғалдақтай қызды ұзатып қияға,
Тәрбиелеп баулыды ұлды ұяда,
Балалары ен бақытқа кенеліп,
Көз тігеді шырқау шыңды қияға.*

*Ізгі ниет, ізгілікті мархабат,
Қос көңілге шуақ құйып шапағат,
Шаңырақта құрып жатты салтанат.
Жандар үшін қандай қымбат махаббат!*

*Ділді таза, арды биік ұстаған
Игі істерін елі құптап, ұштаған,
Елдің алған ақ батасын қос жұбай,
Маратың да, Мариям да – күшті адам!*

* * *

*Берекелі тірлігімен ырза ғып,
Көңілдерді жайнататын нұр жағып,
Жақсы көріп Мәкеңді біз ұнаттық,
Айнымайтын болмысынан бір қалып.*

*Біз Маратты сыйлайтынбыз ерекше,
Абзал жан деп жаратылған бөлекше.
Таңғалдыра тапқырлығын сүйіндік,
Зейінді деп пікір айтар зерекше.*

*Қорыта айтсақ,
Құрмашұлы Мараттың:
Адамшылық кісілігін ұнаттық,
Ізеттілік кішілігін ұнаттық,
Қорған болар қамалдығын ұнаттық,
Жаны таза адалдығын ұнаттық,*

*Жақсылыққа құштарлығын ұнаттық,
Бойда қуат, күш барлығын ұнаттық,
Қанға біткен тектілігін ұнаттық,
Бекзаттылық бектілігін ұнаттық,*

*Көңілінің жаздайлығын ұнаттық,
Кемел кеңес қозғайтынын ұнаттық,
Уәде-сертін созбайтынын ұнаттық.
Әдептен еш озбайтынын ұнаттық,*

*Жайма-шуақ әр көңілін ұнаттық,
Әуезі әсем саз үндерін ұнаттық.
Күлкі үйірген әзілдерін ұнаттық,
Жоқты бар деп әзір дерін ұнаттық.*

*Қағытпалы қалжыңдарын ұнаттық,
Елпілдеген бал дүл жанын ұнаттық.
Жан жылытар нәрлі сөзін ұнаттық,
Сегіз қырлы, бір сырлы өзін ұнаттық,*

*Біз осындай Мәкеңе тән – жаны құт
Тым ерекше болмысына қаныған,
Азаматтық қасиетін таныдық.
Абзал жанға ұқсағалы жаныңып,
Босаңсымый, қайратты да жанындық.*

*Құрдас та еді, бір дәуірде тел өскен,
Тірлігінде иығымыз теңескен.
Ұмытпаймыз қатар жүрген күндерді,
Қалжыңдасып, әзілдесіп кеңескен.*

*Пейілі кең, жаны жомарт құрдасқа,
Сәлемімді жеткізер деп жел ескен,
Көз алмастан биік жонды белестен
Қарап едім, жан жабықты елестен...*

**Әли ЫСҚАБАЙ,**
**Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі.**

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЕЛИКИЙ ХУДОЖНИК

# ОН ДЕЛИЛСЯ ДУШОЙ ЧЕРЕЗ СВОИ КАРТИНЫ...

***14 ЯНВАРЯ ВЫДАЮЩЕМУСЯ ХУДОЖНИКУ, ОСНОВАТЕЛЮ КАЗАХСКОГО ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА, АБЫЛХАНУ КАСТЕЕВУ ИСПОЛНИЛОСЬ 120 ЛЕТ СО ДНЯ ЕГО РОЖДЕНИЯ. ИМЕННО ЖИВОПИСЦУ, ЧЬИ КАРТИНЫ ОТЛИЧАЕТ ЛЮБОВЬ К РОДНОЙ ЗЕМЛЕ, СОЗДАВШИЙ 1100 ПРОИЗВЕДЕНИЙ, ИМЕНЕМ КОТОРОГО НАЗВАН ГОСУДАРСТВЕННЫЙ МУЗЕЙ ИСКУССТВ РК, БЫЛА ПОСВЯЩЕНА ЮБИЛЕЙНАЯ ВЫСТАВКА «АБЫЛХАН КАСТЕЕВ. НАСЛЕДИЕ ВЕКА».***

Народный художник Казахской ССР родился в селе Чижин в Семиреченской области в семье чабана 14 января 1904 года. В раннем детстве остался без опоры – отца, и стал работать пастухом на зажиточного скотовладельца. В свободное от учебы – в местном медресе, работы дворником в Жаркенте, любил вырезать различные поделки и украшения из дерева и кости, таким образом запечатлевая окружающий его мир. Так, любовь к рисованию привела его на учебу в Алма-Ате, где с 1929 по 1931 год учился в студии художника Николая Хлудова. Затем для совершенствования своих способностей продолжил обучение в Москве, в художественной студии им. Крупской.

Живописец в своих произведениях отражал культуру, традиции и историю казахского народа: «Колхозная молочная ферма», «Доение кобылиц», «Уборка хлопка», «Колхозный той», «Похищение невесты», «Купленная невеста», «Высокогорный каток Медео», «Турксиб», «Долина Таласа», «Капчагайская степь». Эти работы буквально пронизаны этническим размахом и национальными красками. Сам Кастеев часто восклицал: «Когда видишь красоту разнотравья наших степей и гор с белоснежными шапками – как это не изобразить?!».

Творчество великого поэта Абая также оказало огромное влияние на Абылхана Кастеева. Об этом свидетельствуют картины «Юный Абай», «Абая на жайлау», «Зима», «Лето» и «Весна». Так народный художник в свою очередь активно участвовал в сохранении и продвижении культурного наследия казахской культуры.

Как отметил глава государства Касым-Жомарт Токаев, чествование выдающихся исторических деятелей нашего народа полезно с точки зрения укрепления общенациональной идентичности. Изучение личности Абылхана Кастеева для учащихся средних школ – это не просто чтение сухой биографии, это привитие усердия, трудолюбия, любви к искусству, к своему народу, к земле, культуре казахского народа, способность полностью отдаваться любимому делу. Как вспоминали соотечественники, во время работы он даже забывал поесть, часами сидел и писал, у него была удивительная память, не только фотографическая, но и чувственная. Это читается в каждой картине мастера – он вдохновенно повествует о родном запахе степи, надежду на будущую безоблачную жизнь народа, которому посвятил все свое творчество. Сам мастер неоднократно восклицал: «Я знал, что уже не остановлюсь, что никогда не покинет меня жажда запечатлевать карандашом и красками то, что я вижу и чувствую, делиться душой с другими через свои картины». Теперь, по истечению 120 лет, мы – учителя, через его картины показываем «душу» художника ученикам, воспитываем чувство уважение к истории, прививая национальные ценности.

**Мадина АЯЖАНОВА,**
**учитель историй КГУ «Средняя школа №2» ГУ «Отдел образования по городу Талдыкорган управления образования области Жетісу».**

УНИКАЛЬНАЯ ЛИЧНОСТЬ

# СРЕДИ КАЗАХОВ Я – САМЫЙ МАЛЕНЬКИЙ

**Каныш Сатпаев – уникальная личность в казахстанской истории, вставший у истоков отечественной науки. Сегодня академику, основоположнику школы металлогении в Казахстане, первому президенту Академии наук Казахской ССР исполнилось 125 лет. Ко дню рождения инженера-геолога, 12 апреля, был приручен День науки.**

Сатпаев родился в семье бия в Семипалатинской области. Надо отметить, что впоследствии из-за знатного происхождения его не принимали в ряды Коммунистической партии. Алькей Маргулан писал, что под влиянием отца Каныш в детские годы с увлечением занимался арабским, персидскими языками, отдыхая на курортах любил подолгу читать наизусть. Свое образование получил в местной школе, затем поступил в русско-казахское училище, которое окончил с отличием. Дальнейшее обучение продолжил в учительской семинарии в Семипалатинске, сдав экзамены экстерном. Но именно в это время у талантливого молодого человека начались серьезные проблемы со здоровьем от обострившего туберкулеза – он начал кумысолечение. Это страница жизни кардинально перевернуло жизнь Сатпаева, в это же время на лечение приехал советский геолог Михаил Усов. Профессор настолько пробудил интерес Каныша к науке, что он оставить должность народного судьи и поступил в технологический институт в городе Томск. Однако слабое здоровье вновь подводит. Он возвращается в родной край и продолжает лечение в Баянауле. Находясь на лечении, Каныш Сатпаев составляет учебник по алгебре для казахских школ, ставший первым школьным учебником на казахском языке.

Однако Сатпаев, тщательно ознакомившись с Джезказганским регионом, через год после начала работы нашел крупный пласт руды. Так началась карьерная лестница перспективного молодого ученого. Этот регион он изучал в течение 15 лет, результаты труда опубликовал в монографии «Рудные месторождения Джезказганского района». Именно за эту феноменальную исследовательскую работу был удостоен в 1942 году Сталинской премии.

Известный академик Ш. Чокин говорил, что Каныш Имантаевич для него – пример одержимости в науке, пример того, как надо жить для своего народа. Он был тонким знатоком казахской культуры, музыки, фольклора и истории. В 1935 году во время исследования Джезказганской области обнаружил на склоне сопки Алтыншокы обнаружил камень с надписью, оставленный Тамерланом во время похода в казахскую степь, против хана Золотой орды Toктамыса. Находка стала настоящим открытие для мировой науки и через год реликвия была отправлена в Эрмитаж.

Во время встречи в Лондоне в качестве Верховного Совета СССР с Уинстоном Черчиллом, премьер-министр спросил Каныша Сатпаева: «Все казахи такие статные и храбрые, как вы?» «Нет, среди казахов я – самый маленький, мой народ намного выше меня», ответил выдающийся ученый. Поэтому наша задача как учителя, воспитать таких «высоких» незаурядных личностей независимого Казахстана.

**Айнур СЕЙТБАТКАЛОВА,**
**учитель историй КГУ «Средняя школа №2» ГУ «Отдел образования по городу Талдыкорган управления образования области Жетісу».**

МВД

# КАКИЕ ГОСНОМЕРА ПОД ЗАПРЕТОМ В КАЗАХСТАНЕ

**КАЗАХСТАНЦЫ МОГУТ ЗА ДОПЛАТУ ВЫБРАТЬ ГОСНОМЕРА НА СВОЕ АВТО СО ЗНАЧИМЫМИ ДЛЯ НИХ ЧИСЛАМИ И БУКВАМИ. НО НЕКОТОРЫЕ НОМЕРА ОКАЗАЛИСЬ ПОД ЗАПРЕТОМ. ПОДРОБНЕЕ РАССКАЗЫВАЕТ TENGRI AUTO СО ССЫЛКОЙ НА ИСТОЧНИК TENGRINEWS.KZ.**




В Министерстве внутренних дел Казахстана сообщили, что решение об исключении определенных буквенных комбинаций принимает языковая экспертиза. Еще в 2018 году в Комитете по развитию языка Минкультуры исключили из диапазона буквенных комбинаций некоторые, чтение и произношение которых посчитали «чуждыми культуре речи».

Всего в представленном списке значатся 106 буквенных комбинаций.

Это такие сочетания, как: AAM, BOK, CEX, FBP, HER, KAL, KOT, MAL, SOR, SOP, SOS, SEX, USA, XER, XYE, ZEK, GEY, GEI, GAY, JID, GON, GAD, CON, QUM, GOD, EBI, EPT, IIM, GOS, IIN, QAS, OON, XUI, QR, HUY, ISK, HYI, QYS, XUY, JUN, XER, BOQ, QUL, SIK, QAN, SYK, JUT, QOR, QYQ, QOI, TYQ, JOI, JMI, JYN, GAI, IBU, VOR, EBU, BOP, FUK, FAK, FUC, FAC, IOX, IOH, LOX, LOH, COX, KOX, FBR, POX, KNB, MVD, OPG, EBR, AMM, SGL, ASS, HAX, NAX, AM, IB, KZ, PK, QU, KP, UD, WX, TG, NS, CS, PV, AK, WK, JO, AQ, AO, RK, NN, BS, ST, BA, AW, AP, AE, AX.

ЗНАЙ НАШИХ!

# ПЕРВАЯ КАЗАШКА УСПЕШНО ПОДНЯЛАСЬ НА ЭВЕРЕСТ

***Восхождение на пик совершено 12 мая в 07:25 утра по времени Непала, сообщает Kazakh Everest Team со ссылкой на непальскую компанию Seven Summit Treks, которая специализируется на восхождениях в Гималаях и является официальным проводником казахстанской экспедиции..***

«В связи с труднейшими погодными условиями в виде шторма и бурана на высоте выше 8000 метров большинство экспедиций, участвовавших в штурме вершины, развернулись с маршрута, и только альпинистам из пяти стран удалось успешно подняться на Эверест. Среди них были и наши соотечественники — Анар Бурашева, ставшая первой в истории казашкой, поднявшейся на высочайшую вершину мира, и заслуженный казахстанский альпинист Максут Жумаев, для которого данный успех стал уже третьим восхождением на пик Эверест»,- сообщается в пресс-релизе.



Всего же подъём у команды Kazakh Everest Team занял пять суток, начавшись с выхода 7 мая из базового лагеря (5 350 метров), затем наши альпинисты проследовали через лагерь I (6100 метров) с последующим набором высоты в лагерь II (6400 метров), лагерь III (7100 метров) и лагерь IV (8000 метров) и далее безостановочно к пику Эверест (8848 метров). На вершине Эвереста участники спортивно-патриотической экспедиции Kazakh Everest Team Анар Бурашева и Максут Жумаев водрузили государственный флаг Казахстана.

«12 мая Анар и Максут находятся в лагере IV на восстановлении сил для последующего спуска после труднейшего подъёма. Состояние альпинистов характеризуется как удовлетворительное, но силы истощены и нужно собрать их для решающего спуска в базовый лагерь. Прибытие участников в базовый лагерь ожидается уже сегодня после обеда и как только они смогут выйти на связь, будет осуществлена отправка их заявлений и сообщений о восхождении», - отметили в пресс-службе экспедиции.

В составе команды Kazakh Everest Team семь человек. Руководит экспедицией известный казахстанский альпинист, инструктор Центра горной подготовки Вооружённых сил РК майор Максут Жумаев. Восхождение на Эверест посвящено героям Великой Отечественной войны Сагадату Нурмагамбетову, Рахимжану Кошкарбаеву и Алие Молдагуловой.

По данным министерства обороны РК, за плечами Анар Бурашевой восхождение на локальные вершины категорий 1б, 2а и 2б, пики Талгар, Монблан и Килиманджаро. Анар работает тренером в клубе Space Trail Running. Она — скайраннер в Sky Run Group и пейсер в Nike Running Club Almaty. Имеет спортивные награды за первые и призовые места в таких профессиональных соревнованиях как Thian Shan trail race 42 км, Tengri ultra 35 км, Алматинский горный полумарафон, Irbis race 42 км, Red planet Race 30 км, Алматы марафон 42 км и Madeira Island Ultra Trail 60 км.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

# БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСУЫМЫЗ КЕРЕК

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЕЛІМІЗДІҢ БҮКІЛ АУМАҒЫНДА, ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ, ЗАҢ ШЫҒАРУ, СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ ТІЛІ.**

Мемлекеттік тілді кеңінен қолдануға байланысты қиындықтар сот саласына да тән. Мәселен, тілді таңдау әр азаматтың конституциялық құқығы болғандықтан, сот істерінің мемлекеттік тілде жүргізілуі арыздардың сотқа қай тілде берілуіне байланысты. Көп жағдайда талап қоюшылар арыздарын орыс тілінде береді. Арызданушылар сотқа мемлекеттік тілде жүгінген болса, сондай-ақ уәкілетті органдар тергеуді мемлекеттік тілде жүргізсе, сот органдары сот отырысын мемлекеттік тілде жүргізетінін айта кеткен абзал.

Басқа мемлекеттік органдармен қатар еліміздің сот жүйесі де мемлекеттік тілдің аясын кеңейту, сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу көбейту - басты ұстаным ретінде қарастырады. Соның арқасында қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы жыл сайын артып келеді. Сот ісін жүргізу және сот жүйесінде барлық құжаттар тек мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілді барынша дамытуға, беделін нығайтуға еліміздің барлық азаматы белсенді атсалысуы керек, сонда ғана елімізде жүргізілетін барлық жүйе бойынша мемлекеттік тіліміздің мәртебесі арта бермек. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында: *«Тіл – көптеген мемлекет үшін өзекті мәселенің бірі. Осы мәселенің дұрыс шешілуі кез келген елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына едәуір ықпал ететінін тарихтың өзі көрсетіп отыр. Қазақстанда да солай. Біз осы аса шетін мәселеге келгенде сыртқы-ішкі факторларды ескере отырып, стратегиялық ұстамдылық және толеранттық танытуымыз қажет. Бірақ бұл біздің мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға баса назар аударатынымызды жоққа шығармайды. Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімдімін»*,- деп атап айтты.

**Лаура КҮШКЕНОВА,**
**Жетісу облысы МАЭС әкімшісінің басшысы.**

ҚОРШАҒАН ОРТА

# ОРМАН ӨРТІ

**Орман өрті – абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағайдан да пайда болатын апат. Ол ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орманда зиянды жәндіктердің, ағаш ауруларының таралуына қолайлы жағдай туады.**

Ақсу ауданы көбіне далалы аймақта орналасқандықтан жауынды жылдары да өрт көп болады. Біздің өңірде ауа-райы құрғақ болғандықтан өрт қауіпті кезеңінің орташа ұзақтығы 180 күннен асады. Ормандардағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады: ағаштардың арасында өрттің көзі жоқ. Ормандардың жануы кейде найзағайдан болады, бірақ өртті орманға адам жиірек әкеледі.

Орман өрттерінің ең басты себептері:
– сөндірілмеген шылым не сіріңке;
– аңшы атқан соң, тығын бықсып жана бастайды;
– механизатор орманда майланған материалды тастап кеткен, қауіпсіздік техникасының ережелерін бұзып, техникаға жанармай құйған, көліктің жанында шылым шеккен және т.б.;
– саяхатшылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөптің үстіне, кесілген қалдықтары бар ағаш кесетін жерде, ағаштың астында алау жаққан;
– орман алаңдарында шөпті немесе орманның жанындағы өрісте орылған егістің орнын жаққан;
– күн шұғыласы түсетін жерге тасталған шынының сынығы жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен жануы;
– орманда шаруашылық жұмыстарын (жарылғышпен тамырынан жұлу, қоқысты жағу, жолдарды, электролинияларын, құбырларды салуы және т.б.) дұрыс жүргізбегеннен.

Орман алқабын тілсіз жаудан қорғап, келешек ұрпаққа табиғи қалпында жеткізіп, көздің қарашығындай сақтау әр адамның парызы. Егер орман өртеннің куәгері болсаңыз 8 /72832/ 31539; немесе 115; 101 нөмірлеріне хабар берулеріңізді сұраймыз.

**Е. АҚСАМБАЕВ,**
**«Қапал орман шаруашылығы» КММ-нің бас орманды қорғау және сақтау инженері.**

МАМАН МІНБЕРІ

***Күні кеше ғана Ұлы Жеңістің – 79 жылдығы атап өтілді. Екінші дүниежүзілік соғыстың шешуші ірі бөлігі болып табылатын Ұлы Отан соғысы бас сұқпаған шаңырақ жоқтың қасы.***

# ЕШҚАШАН ЕСКІРМЕЙТІН ЕРЛІК

*«Сұрапыл соғыс жылдарында отандастарымыз қайсарлық пен қаһармандықтың теңдессіз үлгісін танытты. Майданға аттанған жауынгерлеріміздің тең жартысы ұрпақтың болашағы үшін жанын пида етті. Жеңіске тыл еңбеккерлері де өлшеусіз үлес қосты. Олар ел басына күн туғанда халқымыздың жұдырықтай жұмыла білетінін ерен еңбегімен дәлелдеді»*, – деп атап көрсеткен болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жеңіс күнімен құттықтауында.

Деректерге жүгінсек, 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына 35 млн. адам, соның ішінде 1,5 млн. қазақстандық қатысты. Бұл республика халқының 18 бен 50 жас аралығындағы ересектердің 70 пайызы. Ұрыстардың алғы шебінде Қазақстаннан жіберілген 23 бірлестік, 50 шақты полктар мен батальондар шайқасты. Қазақстандықтар Мәскеу мен Ленинградты жанын қия қорғап, Украина мен Беларусьті, Балтық маңы мен Молдованы азат етуге атсалысты, Берлин шабуылына қатысты. Ондаған мың қазақстандық ерен еңбегі мен ерліктері үшін марапатталса, бес жүзден астам адам Кеңес Одағының Батыры атанды, төрт адам бұл атаққа екі мәрте ие болды, 142 адам Даңқ орденінің толық жинағының иегері атанды.

Фашист басқыншыларының бетін қайтаруға бастама болған Мәскеу түбіндегі шайқастағы атақты панфиловшы-гвардияшылардың ешқашан ескірмейтін ерліктері тарихқа алтын әріппен жазылып қалды. Қазақтың әскери мерейін аспандатқан атақты Бауыржан Момышұлы әрқашан әрбіріміз үшін бірегей үлгі - өнеге ғой әлбетте. Рейхтагтың төбесіне Жеңіс туын алғаш тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың тұлғасы неге тұрарлық. Мұндай өшпес ерлік көрсеткен қазақстандықтардың қатары көп екенін біз мақтанышпен айтамыз.

Қазіргі таңда біз болашағы жарқын, бағыты айқын тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі ұрпақ бұл азаттықтың қалай келгенін әрине жақсы білулері керек. Қазіргі таңда қаншама елдің бірлігінің бұзылған уақытында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан біздер, шынымен де бақыттымыз.Сондықтан қан майданда қайсарлықпен шайқасып, Ұлы Жеңіске қол жеткізген қаһарман жауынгерлеріміздің өшпес ерлігіне тағзым етіп, оның қаншалықты қиындықпен қолға келгенін әсте естен шығармағанымыз абзал. Айрандай ұйып отырған халқымыздың достығын нығайтып, кең байтақ жерімізде бейбіт өмірдің салтанат құруын қамтамасыз етуге әрқайсымыз өз үлесімізді қоссақ, нұр үстіне нұр болар.

**Айгерім АҚЫЛБЕКОВА,**
**Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

# ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТСЫЗДЫҒЫН ЖОЮ КЕРЕК

**Күнделікті ақпараттар ағынынан сыбайлас жемқорлық деген тіркесті жиі естіп жүргеніміз құпия емес. Ал, шынтуайтқа келгенде бұл ұғымның мағынасы мен мәні нені білдіретінін біле бермейтіндер де бар екені ғажап емес. Сондықтан бұл тіркестің төркіні қайда жатқанын түсіндіре кетсек артық болмас.**

Мемлекетіміздің заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Яғни қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрнеу жалған жауап беру немесе жауап беруден жалтару, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе сот актілерін орындамау осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық, яғни сыбайластық байланыстары пайдалану жолымен жасалады.

Сыбайлас жемқорлық тек қана Қазақстанды ғана емес, әлемнің басқа да елдерін толғантқан мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Әлемнің көптеген елдеріндегі жемқорлыққа қарсы күрес қағидаларының бірі – Заң алдында барлық адамдардың теңдігі. Жемқорлық қылмыс жасаған азаматтар өздерінің әлеуметтік жағдайына қарамастан Заң алдында жауапкершілікке бірдей тартылады.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың мына тұжырымдары да жарқын мысал болады. *«Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Соңғы жылдары жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әлі жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде»*, – деді Президент.

Ендеше, кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күресу бұл – жағымсыз құбылысты жою ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, бұл мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы екендігіне күмән жоқ. Жағымсыз құбылыс, қауіп қатермен күресі үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өз құқықтарын өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігін нақты ұғыну керек.

**Әсем СЕРДАЛИЕВА,**
**Алматы облысы МАЭС-нің бас маманы-сот отырысының хатшысы.**

МЕДИАЦИЯ

# ТАРАПТАРҒА ТИІМДІ ТӘСІЛ

***Қазір өзінің бұзылған құқығын қорғау мақсатында сотқа жүгінушілер қатары көбейіп барады. Өкінішке орай солардың арасында болымсыз жағдайға байланысты сотқа жүгінушілер де жетіп артылады. Мұндай дау-дамайлар көбіне іргелес тұратын көршілер арасында туындап жатады. Сонда олардың уәждеріне құлақ салып отырсаң, алақандай ғана жерге таласып, жүз шайысып, кінәласып жатқаны.***

Халқымызда «Жақсы көрші тапқаның, мол олжаға батқаның» деген аталы сөз бар емес пе. Сондықтан тату-тәтті болу көршілер үшін ауадай қажет екенін әрким есте мықтап сақтағандары дұрыс. Өйткені, күнделікті көріп тұратын көршілеріңмен жүз шайысып қалсаң, іргеңді аулақ салып бірден көшіп кете алмайсың ғой. Ендеше, жаңадан басы басталып қоңырсып келе жатқан дауды, лапылдатып тұтандырмай, дер кезінде сөндірсе құда да тыныш, құдағи да тыныш қалпында қалып, аражігі ажырамаған болар еді. Осындайда, дауласушы екі жақты сабырға шақырып, олардың бөлісе алмай жатқан шаруасын ақыл таразысына салып, шешуге әрекет ететін ауыл ақсақалдарының көмегіне жүгінсе де нұр үстіне нұр болар еді ғой.

Бүгінгі таңда кез келген сот процесін талқылауды бастамас бұрын судьялар қос тарапты дауларын бітімгершілік жолмен шешуге шақырып, олардың дауды ушықтырмай медиациялық жолмен шешуіне мүмкіндігі бар екендерін терең түсіндіріп жатады. Соның арқасында тараптардың дауларын медиациялық тәртіппен шешкен істердің саны да арта түсуде. Жалпы медиация тәсілі дегенді әлі күнге дейін түсіне бермейтін азаматтардың да бар екені түсінікті. Ендеше шағын мақаламызда тараптарға тиімді тәсіл болып табылатын медиация жайлы мағлұмат бере кетейік.

Атап айтқанда, дауласқан тараптар үшін медиация рәсімі олардың қажеттіліктері мен мүдделеріне сай келетін келісімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Іс-қимыл жасаудың белгілі бір шарттары мен ережелері, іс-қимыл кезектілігі, фазалары бар. Сондай-ақ мынадай қағидаттарға негізделеді: еріктілік, құпиялылық, өзара құрмет, тараптардың тең құқықтылығы, медиатордың бейтараптылығы мен әділдігі, медиация рәсіміне араласуға жол бермеу.

Медиатор тараптардың әрқайсысымен жеке-жеке тілдесіп, бірлескен кездесулердегі дәлелдер мен шағымдарды талдай отырып, жанжалды реттеу және дауды шешу үшін дауласушы екі тарапқа да тиімді ортақ шешімді табуға көмектеседі. Медиация рәсімінің нәтижесінде қол жеткізілген медиативтік келісімге қол қою арқылы ресімделетін, тараптар үшін өзара тиімді кез келген шешім мәміле-ымыраға келу болып табылады. Шешімді тараптар ерікті түрде орындайды.

**Самал ҚАЛИМОЛДИНОВА,**
**Талдықорған қалалық сотының судьясы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БОЛҒАН ОҚИҒА ІЗІМЕН

# БАҚСЫЛЫҚ БАЯНЫ, ТЫЛСЫМ ДҮНИЕ

Осыдан жарты ғасыр бұрын еді. Шығыс Түркістанның батыс бөлігіндегі Екіаша дейтін ауылдағы бір отбасында өмірге сәби келген. Ұл баланың есімін Кенже деп қойған. Бұл баланың жаратылысы жұмбақтау болды. Жетіге келгенде елірме ауруға шалдықты. Безектеп жылай береді. Түсініксіз сөздер айтып, есік жақты нұсқайды. Бір нәрседен қорқатындай. Үрейлі көзінен жас парлайды. Түнге қарай ата-ананың бауырына тығылып ұйықтайды. Осылайша жеті күн өткенде барып тынышталды. Жеке ойнайды. Сөйлеп жүреді. Көзге көрінбейтін біреумен сөйлесетіндей. Баланы ата-анасы бақылаумен болды. Не айтып жүргенін тыңдады.

Бала: *«Ертең Айтмолда шал жардан құлап өледі. Көрші құшынаш кемпірдің құнажын сиырын ұрлап кетеді»,* – деп сықылықтап күледі. Ертесінде шынымен де Айтмолда дейтін кісінің жардан құлап өлгені белгілі болды. Соңынан Әлиман дейтін кемпірдің құнажыны жоғалды. Ұзамай баланың (Кенженің) көріпкелдігі бүкіл ауылға тарады. Жоқ жоғалтқандар келіп баланы мазалай бастады. Кенже кейде жауап беріп, кейде қырсығып кетіп қалатын.

Бірде баланың анасы Кенжені қолынан жетектеп мал көздеуге шықты. Кенже анасының жылап келе жатқанын көріп «неге жылайсың» деді. Апасы: *«Құлыным-ау үлкен ағаңды әскерге, соғысқа алып кеткен жоқпа, соған жылаймын»,* – деді. Кенже апасын жұбатпақ оймен: *«Ой, апа ол кешке қайтып келеді, жүр үйге қайтайық»,* – деп өтінді. Сол-ақ екен соңғы кездері баласының айтқанына сеніп алған ана үйге келе жеті шелпек пісіріп, елге таратпақ болды. Шалына ана бір тушаны айтып сой, көршілерді шақырып дәм татырайық деп бұйырды. Түс ауа шақырылған қонақтар тарай бастағанда әскерге кеткен ағасы келе жатты. Кенже жүгіріп алдынан шықты. Ағасы мұны ат үстіне іліп алып, алдына отырғызды.

Бұл оқиғадан кейін Кенженің атағы төменгі ауылдарға да жайылды. Бірақ Кенженің өмірі өзгеріске ұшырады. Бір күні Кенжелердің үйіне атағы жер жарған Кенжебек дейтін дәуперi бақсы келе қалды. Ата-ана болып жатқан жағдайды баяндап: – *Жарықтығым көмектес, коммунистік партия бақсы-балгерді, молдаларды жақтырмайды. Баланың болашағына қауіпті ғой,* – деп өтінді. Сол күні түнімен қобызын боздатып шыққан бақсы ертесінде: – *Бала енді тынышталады, тым ерте айналдырған екен иесі,* – деп аттанып кетіпті.

Сонан соң Кенже әдеттегі бала болып қала берген. Алайда бақсылықтың елесі анда-санда белгі беретін болған. Мысалы, Кенже ержеткен бозбала шағында құрға тұзақ құрып, тау-тасты кезіп жүреді. Кенет «Ей» деген қасаң дауысты естіп жалт қараса, қара көлеңкеге оранған бір атты бейнені көріп шошып кетеді. Астындағы ақбақай аты да тыпыршып, үйге қарай ала жөнелді. Бұл оқиғаны ешкімге айтпаған. Айтса «қорыққанға қос көрінеді» деп мазақтауы мүмкін ғой.

Келесі бір елес жайлауда болады. Ауыл жастары кеш ұйымдастырып, алтыбақанда тербеледі, ән салып бұғынбақ ойнайды, түннің бір уағында тарасады. Кенже ортаншы ағасы, жеңгесі және қонуға қалып қойған құдаша қызбен бірге келе жатады. Үйге жақындағанда қараса Кенженің өзі байлап кеткен қызыл бұзаудың бұйдасын шұбатып бос жүргенін көреді де ұстамақ болғанда бұзау сайға қарай ата жөнеледі, бұл қуа жөнеледі. Енді жете бергенде құмырсқаның илеуіне сүрініп, екпетінен түседі. Бірақ аналар іздесін деп жата береді. Мұны шақырған жеңгесінің дауысын естіп үйге келсе жеңгесі: – *не болды? Неге жүгіріп кеттің?* – деп сұрайды. Бұл қызыл бұзауды ұстамақ болғанын айтады.

Жеңгесі: – *Не деп тұрсың? Бұзау байлаулы тұр ғой* – деп шошып кетеді. Бәрі үрпейісіп үйге жүгіреді. Өйткені, Кенженің бала кездегі оқиғасын бәрі де білетін. Кенженің өзі де сескеніп, бойын діріл билеп қорыққанынан жүгіріп келіп атасы мен апасының қасына жата қалады. Бар жайды ұғып жатқан атасы Кенжеге дем салып тыныштандырады. Бұл оқиға ертесінде-ақ жайлаудағы бүкіл елге тарап, гу-гу әңгімеге айналады. Бақсылық жылы қайта оралатын шығар деседі. Бірақ ондай ештеңе болмайды.

Қысқасы, бақсылық, балгерлік, көріпкелдік тәрізді құпия кәсіптердің адам өмірінде кездесетіні бар. Ешкім көрмесе де жын-шайтан жері дегендер де сөз болып жатады. Алайда олар кім көрінгенге көріне бермейді. Өз қалаулары бойынша иектеп алады. Адамдарды азғыру жөнінен Адам ата, Хауа ана оқиғасынан-ақ бір тылсым күштің адамдармен жарыса күн кешіп келе жатқаны білінеді. Сенер-сенбесі әркімнің өз еркінде. Бірақ, осы болған оқиғалардың кейіпкері мен едім.

**Кенжехан РАҚЫШ,**
**ардагер журналист.**

ТАРИХ

# ЕЛ ТҰҒЫРЫ БИІК БОЛСЫН

**БАРЛЫҚ АДАМЗАТҚА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ОРТАҚ. БІРАҚ ТАРИХҚА, ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС ТА, ПІКІР ДЕ ӘЛЕМДЕ ӘРТҮРЛІ. ДЕСЕК ТЕ БІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ САНАЛАТЫН ЖАСТАРҒА БАРЫНША САНАЛЫ ТӘРБИЕ МЕН САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУГЕ, ТАРИХТЫ ЖАҢЫЛДЫРМАЙ ТҮСІНДІРУГЕ МІНДЕТТІМІЗ.**

Тарих – елдің қазынасы. Алтыннан қымбат байлығы. Тарихтың алтын бетін парақтасақ, ата-бабаларымыздың жасаған ерліктеріне көз жеткізуге болады. Қасиетті қазақ жерінен шыққан тарихи тұлғалар баршылық. Олар ұлттың болашағы жолында қасық қаны қалғанша жан алысып, жан берісті. Қазіргі біздің алаңсыз жүргеніміз де, бақытты күн кешуіміз де сол асыл жандардың арқасы. Әрқашан кісілігі биік, мәдениетті, білімді, өтірік айтпайтын, өзгелердің де қамын ойлай білетін қайырымды жандардың көп болғанын қалаймыз. Өз мүддесі үшін күресе алатын, әділеттен аттамайтын, көзі ашық, естияр, кеңпейіл қазақ ұлтын сыйлап, қадірлемейтіндер тым аз. Бұл ұлы қасиеттер біздің бойымызға Жаратқанның берген ең үлкен сыйы.

Адамзаттың басын біріктіретін, негізінен үш құндылық бар: әділдік, шындық, адамгершілік. Ұлттық идеология, саясат осы құндылықтарға негізделуі керек. Сонда ғана еркениеттің тірегі болып отырған елдермен бір боламыз. Біз тарихты ақиқаттың қаламымен жазуға міндеттіміз.

Бүгінгі жас арысы Абай Құнанбайұлы салған сара жолмен, Ахмет Байтұрсынұлы берген білім нәрімен берісі кешегі ұлт үшін күрескен Алаш арыстарының ерлігінен сабақ алуға тиіс. Ұлтым деп ұйысып, елім деп еңіреп өткен ерлердің ерлігі бүгінгі жас ұрпақ үшін қазына болып қалады. Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – тәуелсіз мемлекетіміздің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Балалар мен жастар тәрбиесінің болашағы – оларды адамгершілік, рухани жағынан нағыз адам етіп қалыптастыру. Дәл осы жолда ұстаздарға артылған жауапкершілік жүгі де ауыр болмақ. Біз ертеңгі еліміздің келешегі кемел, болашағы жарқын болсын десек, бүгіннен бастап тарихи тұлғалар салған сара жолмен жүруге міндеттіміз. Осы тұста Сәкен Сейфуллиннің: *«Азамат жүнжіме, жүрме бос, Қол ұстас, бірігіп тізе қос!»* деген үндеуі бүгінгі заманмен үндесіп жатқандай. Себебі, әр адам еңбек етіп, кәсіпкерлікпен айналысып, алдымен өзін-өзі дамытудан бастауы қажет. Енжарлық пен жалқаулыққа бой алдырмаған, жанына білім мен кәсіпкерлікті, үнемі үйрену мен ізденісті, жаңаруды серік еткен, қоғамдағы кез келген өзгермелі жағдайға тез икемделіп, тығырықтан шығудың жолын таба білген адам ғана өзінің өмірін жақсы жасай алады. Ал қоғамда осындай тұлғалық қасиеттерге ие адамдар тобы көбейген кезде, бұл сөз жоқ, қоғамның дамуына да үлес қосып, қоғамды дамудың дұрыс жолына бағыттай алады.

**Гүлдана МАЖИРАТХАН,**
**№2 орта мектеп КММ тарих пәні мұғалімі.**
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

ОҚЫРМАН ОЙЫ

**БИЫЛ ЕЛІМІЗДІҢ ӨҢІРЛЕРІНДЕ БОЛЫП ЖАТҚАН ҚАРҒЫН СУҒА ОРАЙ ӨЗ ТӘЖІРИБЕМДІ, ОЙ ПІКІРІМДІ ЖЕТКІЗГІМ КЕЛЕДІ. БІЗДІҢ АУЫЛ ДА СУ БАСАТЫН АЙМАҚТА, АҚСУ ӨЗЕНІНЕ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН. БҰРЫНҒЫ АТАУЫ «ТЕНТЕК» БАҒЫНБАЙТЫН, БҰЗЫҚ ДЕГЕН МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕДІ.**

# ҚАРҒЫН СУДАН ҚАУІП КӨП



1960, 1970, 1993 жылдары көктемде ауылымызды су басты. Елді жан-жаққа көшіріп жіберді. 3-4 күннен кейін үйге оралдық, тіземен су кештік, суды сорып, еденді ашып кептірдік. Бірақ, осындай жағдай бола тұрса да ешкім көмек сұрамады, халықтың көңілі жайдарлы еді.

1993 жылы жұт жылы ретінде тіркелді. Қараша айы толық жылы болып тұрды да бірінші желтоқсанда айнала қарлы боранға оранып, ауа райы бірден 28 градусты көрсетті. Сол суық наурыз айына дейін түспеді. 17 рет қарлы боран болғанын қойын дәптерге жазып қойып жүрдім. Малшы ауылдарға жол болмады, ешбір көлік жүре алмады, малдар қырылды, қойлар бірінің жүнін бірі жеді. Көктемде өзеннің су шығатын жерін дамбалап тастадық, күзде жер қатарда бір тексеріп қоямыз. Қазір алаңсыз, қорқыныш жоқ. Су басқан кейбір қалалардың саяжайларын өзеннің жиегіне тақап тастаған. Су қорғау, су басу қауіпті аймақ деп заңға кіргізілген жерлерге үй, саяжай салғызбау керек. Судың жағасымен техника еркін жүруі тиіс. Қазақстанды шет елдер сияқты орман, су қоршап тұрған жоқ, жазда өзенде су болмай қалады. Өрт, су тілсіз жау дейді. Бірақ екеуінің де тілін табуға болады. Табиғат өзі көрсетті қандай қателік болғанын, не жасау керек екенін. Мысалы Қарағандының әкімі былтыр күзде дамба салдық, соның арқасында ауылды аман алып қалдық деді. Осы жерге барып үйреніп, сабақ алу керек. Ақпан айында қарды ауылдан шығарып тастау керек. Кейбір үйлерде су жиналатын жерлерге шұңқыр немесе 5-10 тонналық бөшкелер көміп қойған. Қардың суы толған кезде трактормен сорып далаға төгеді. Бұның бәрі алдын-ала дайындық.

Табиғат деген бөлек ғылым, есеп тәжірибе керек. Күзде от жағатын мекемелерді тексереді ғой, сол кезде көктемгі суға дайындығын да тексеру қажет және дайындық барысында кепілдік беру, қол қою керек. Мұндай қателік қайталанбауы тиіс.

Айтпағым, халқымыздың аман есен қалғанына шүкір, тәуба дейік, жұмыла көтерген жүк жеңіл деген емес пе?!

**С. КӨПТІЛЕУОВ.**
**Сурет ғаламтордан алынды.**

ДИЗАЙН-КОД

# АЛМАТЫ ИЗБАВЛЯЕТСЯ ОТ ВИЗУАЛЬНОГО ШУМА

**КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА НИИ «АЛМАТЫГЕНПЛАН», В АЛМАТЫ ПРОДОЛЖАЕТСЯ РАБОТА ПО ПРИВЕДЕНИЮ ВЫВЕСОК И НАРУЖНОЙ РЕКЛАМЫ В СООТВЕТСТВИЕ С ДИЗАЙН-КОДОМ ГОРОДА. СОТРУДНИКАМИ УПРАВЛЕНИЯ ГОРОДСКОГО ПЛАНИРОВАНИЯ И УРБАНИСТИКИ СОВМЕСТНО С ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ РАЙОННОГО АКИМАТА ДАНЫ РАЗЪЯСНЕНИЯ СОБСТВЕННИКАМ КОММЕРЧЕСКИХ ОБЪЕКТОВ НА МЕСТАХ.**



*«Сегодня мы встретились с предпринимателями одного из торговых домовАлмалинскогорайона,которымранее выдавались уведомления о необходимости демонтажа незаконной рекламы. Некоторые из них самостоятельно это сделали, другим пришлось на месте дополнительно объяснить новые нормы. В целом нами выдано порядка 900 уведомлений представителям бизнеса, то есть мы продолжим системную работу по улучшению внешнего облика всего города и сокращению визуального шума», - отметил руководитель управления Нурлан Буранбаев.*

Напомним,с 16 марта 2024 года в Алматы действует дизайн-код, созданный для формирования безопасной, комфортной, доступной городской среды – стилистически единого урбанистического пространства.

Вопрос демонтажа несоотвествующей рекламы стандартам дизайн-кода были обсуждены на площадке региональной палаты «Атамекен» с участием представителей бизнес-сообщества.

«Радует, что неравнодушные жители города, предприниматели активно принимают участие в этом процессе. Это – эстетический облик, соответствующая цветовая гамма, уникальные архитектурные решения. Одним словом, мы стремимся, сформировать привлекательный, узнаваемый, неповторимый единый стиль Алматы. Надеюсь, каждый из нас внесет свой вклад в общее дело», – сказал Нурсултан Шоканов.

**Мнение экспертов о дизайн-коде Алматы**

Основные принципы и философия дизайн кода Алматы направлены на сохранение уникальности города, использование социальных медиа для «умной» навигации, стимулирование взаимодействия между жителями.

Как отметил руководитель Управления городского планирования и урбанистики Нурлан Буранбаева, у каждого города есть своя история, аутентичность, государственная функция – всё это, и многое другое, формирует его облик.

*«Облик города — это образ, складывающийся годами. Наш Алматы уже имеет многолетние наработки в строительстве и благоустройстве, есть целый пласт культурных накоплений и опыта. Есть опыт других городов. Всё это нужно использовать, и для этого нужен код города», - сказал эксперт.*

Президент Союза градостроителей Казахстана, председатель Градостроительного совета Алматы Любовь Нысанбаева отметила, что:*«Алматы для многих людей – любимое место, со своей звенящей чистотой, умытостью и прохладой, ярким солнечным утром, контрастным горным пейзажем, человечностью пропорций зеленых кварталов, горных рек, прекрасных и живых памятников архитектуры и истории и градостроительства».*

Главное предназначение дизайн-кода – сохранить образ города, его красоту, удобство и человечность, считает архитектор.

«Для жителей нашей страны жить и развиваться в Алматы – мечта и счастье. Талант, труд, и любовь, вложенные в развитие Алматы через дизайн-код безусловно важный шаг для города», – добавила Любовь Нысанбаева.

Говоря о безопасном городском пространстве, генеральный директор НИИ «Алматыгенплан» АсхатСадуов отметил, что:

*«Превращение первых этажей в активные пространства способствует развитию малого бизнеса и повышению безопасности жителей, в этом была уверена известный урбанист Джейн Джекобс. Квартальная застройка разумной плотности, комфортное визуальное пространство, магазины, кафе, арт-галереи и мастерские на первых этажах создают динамичную среду, которая привлекает людей. Большие окна и открытые фасады создают атмосферу безопасности, так как люди на улице и внутри здания видят друг друга».*




АсхатСадуовнапомнил, что дизайн-код создавался с учетом опыта предыдущих разработок, анализа более 15 тысяч Анкет горожанина, выводов из проектных семинаров и творческого конкурса на дизайн мерча с участием алматинцев.Руководитель НИИ «Алматыгенплан»акцентировал внимание на том, что разработка и внедрение дизайн-кода, позволяющее городу иметь собственный, узнаваемый имидж, этосложный процесс, особенно на стадиивнедрения.

*«Созданиекачественного документа в достаточно сжатые сроки, стало возможным благодаря креативной команде специалистов с образованием, опытом и знаниями, глобальным видением, которые хотят и могут влиять на будущее нашего города. Мы, в первую очередь, провелиряд комплексных исследований, систематизировали разрозненные данные и только потом приступили к проекту», - говорит урбанист.*

Формирование комфортных и безопасных пешеходных зон вокруг первых этажей повышает привлекательность места и для горожан, и для малого и среднего бизнеса, подчеркивает урбанист Свят Мурунов. Здесь могут располагаться летние площадки, выносные прилавки, лавочки, зеленые насаждения, МАФы. По словам эксперта, вовлечение жителей и бизнеса в процесс планирования и развития первых этажей помогает создать пространства, которые отвечают их потребностям и интересам. Надлежащее освещение и дизайн важны для создания привлекательной и безопасной среды. Урбанист также упомянул о важности сбора мнений различных групп населения, включая производителей предметов мебели и других атрибутов городской среды, мастеров и ремесленников, художников и скульпторов, архитекторов и дизайнеров.




Что касается стандартов для визуальных городских элементов – это необходимость, продиктованная временем, уверен арт-консультант Влад Слудский.

*«Зачем это нужно? Дело в том, что улицы, по которым мы ходим, это не только функция, но и информация. Поэтому разработка дизайн-кода кажется своевременной и нужной. Документ содержит достаточно детальную спецификацию по вопросам касающимся навигации, инклюзии для слабовидящих и маломобильных горожан, фасадов, вывесок, пешеходных потоков, входных групп и других элементов городского пространства, с которыми каждый из горожан взаимодействует каждый день, как эстетически, так и функционально», - считает эксперт.*

Главный архитектор проекта по разработке дизайн-кода ТахминаСафоева подчеркнула, что нормативно-правовой акт (НПА) разработан так, чтобы быть доступным и понятным для всех предпринимателей и в целом горожан. Это упрощает процесс приведения наружной информации в соответствие с требованиями дизайн-кода. Разработчики рекомендуют предпринимателям ознакомиться с дизайн-кодом, чтобы своевременно привести наружную информацию в соответствие с обновленными требованиями. Особое внимание следует обратить на гл. 3 «Наружная (визуальная) информация».

***СПРАВОЧНО.*** *Дизайн-код Алматы разработан согласно Закону Республики Казахстан «Об особом статусе города Алматы», Закону Республики Казахстан «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» и определяет порядок формирования архитектурного стиля города Алматы с учетом исторических, ландшафтно-природных, функциональных, местных особенностей и современных потребностей жителей и гостей города Алматы.*

**Ш. ХАМИТОВ.**

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

# ДОСТИГНУТ ОПРЕДЕЛЕННЫЙ ПРОГРЕСС

**Устойчивое развитие страны неотъемлемо связано с гендерной политикой. Эти две важнейшие социальные стратегии современного мира следует понимать в едином социокультурном контексте. Достижение равенства мужчин и женщин во всех сферах жизнедеятельности общества приобретает особую значимость и становится условием и предпосылкой устойчивого развития государства.**

Крушение социалистической системы-коренным образом повлияла на изменение социально-экономического положения и статуса женщин в обществе в целом. В настоящее время во всем мире исторически сложившееся доминирование мужчин над женщинами претерпевает изменения. В промышленно развитых и социально ориентированных странах женщины практически достигли равенства с мужчинами в вопросах своих прав и возможностей. За годы независимости Казахстан также достиг определенного прогресса в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин.

Правительство Казахстана на протяжении всего переходного периода демонстрирует приверженность принципам гендерного равенства. Последовательное институциональное развитие национального механизма по улучшению положения женщин идет с 1995 года. Активная экономическая роль женщин привели к объективному повышению социального статуса женщин в семье и обществе. Это, в свою очередь, привело и приводит к изменениям гендерных ролей в семье, к формированию новых гендерных моделей семьи в казахстанском обществе.

В своем Послании народу Казахстана Президент К.К.Токаевособо обратил внимание на этот важный вопрос, отметив: «В начале лета в соответствии с моим Указом Правительством утвержден Комплексный план по защите прав человека. Этот важный документ закладывает долгосрочную институциональную основу дальнейшего совершенствования системы защиты прав человека в Казахстане. После принятия Комплексного плана началась активная работа по обеспечению гендерного равенства. В этой связи следует обеспечить максимальную поддержку экономических и политических позиций женщин в обществе».

**Аян КАСЕНОВ,**
**старший судебный пристав**
**Талдыкорганского городского суда.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!

# ЖЕТІСУ СПОРТШЫЛАРЫ ӘЛЕМ КУБОГЫНДА ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ




**5-12 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА ТАЙЛАНДТЫҢ ПАТТАЙЯ ҚАЛАСЫНДА ТІРЕК-ҚИМЫЛ ҚОЗҒАЛЫС АППАРАТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН СПОРТШЫЛАР АРАСЫНДА ПАРА ПАУЭРЛИФТИНГТЕН ӨТКЕН ӘЛЕМ КУБОГЫНДА ҮШ ЖЕТІСУЛЫҚ СПОРТШЫ ТОП ЖАРДЫ.**

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметіне қарағанда, бұл әлемдік жарысқа 33 елден 150-ден астам спортшы қатысқан. Бұл бәсекеде жетісулық спортшылар – Қазақстанның еңбек сіңірген спортшысы Раушан Қойшыбаева, Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер Айгерім Айдарқызы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Рахметжан Хамаев жүлделі орындарға ие болды. Мәселен, Раушан Қойшыбаева үздік нәтиже бойынша да, жалпы нәтиже бойынша да, сол сияқты ардагерлер арасында да I орынды, оған қоса арнайы «Легенда» номинациясының да I орнын жеңіп алды. Ал Айгерім Айдарқызы жасөспірімдер арасында және жалпы нәтиже бойынша I орын, ересектер арасында III орынды иеленді. Рахметжан Хамаевтың жетістігіне келсек, ол үздік нәтиже бойынша II орын, жалпы нәтиже бойынша III орынға ие болды.

Еске салсақ, бұл Әлем Кубогына Жетісу облысынан үш спортшы аттанған болатын.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

ЕСКЕ АЛУ

**18404 әскери бөлімнің ұйымдастыруымен басқарма және батальондар арасында футболдан турнир өтті. Достық турнирге барлығы 10 команда қатысты.**

# ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ



Турнир өткен жылы негізгі демалысқа шыққан уақытта жол көлік апатынан қаза тауып, өмірден ерте өткен марқұм лейтенант Бәйтелі Бегалы Арапбекұлының рухына арналды.

Тартысты өткен ойын нәтижесінде бірінші орынды парашюттік-десанттық батальоны, екінші орынды 1-ші десанттық-шабуылдау батальоны, ал үшінші орынды десанттық қамтамасыз ету ротасы қанжығалады. Жеңімпаз командалар кубокпен, медальдармен және грамоталармен марапатталды. Сондай-ақ, ойында үздік қақпашы номинациясын сержант Досжан Искаков, үздік шабуылдаушы номинациясын сержант Дархан Нұрғалиев, үздік бомбардир номинациясын қатардағы жауынгер Дидар Есенгелді иеленіп, алтын кубок, алтын бутсы және алтын қолғап табысталды.

Айта кетейік, марқұм лейтенант Бәйтелі Бегалы Арапбекұлы 1998 жылы Қазығұрт ауданында дүниеге келген. 2017 жылы Құрлық әскерлерінің әскери институтына тәрбие құрылымының офицері мамандығына түсіп оны 2021 жылы аяқтап Талдықорғандағы Десанттық-шабуылдаушы әскерлерінің 18404 әскери бөліміне топ командирі лауазымына келген.

**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.**

АКЦИЯ АЯСЫНДА

# АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

**ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ МЕН ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ БАСҚАРМА БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ӘСКЕРИ ҰЖЫМДАР ОРНАЛАСҚАН ҒИМАРАТТАРДЫҢ АУМАҒЫ МЕН ЖҰМЫС КАБИНЕТТЕРІН ТАЗАЛАУ ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**



«Таза Қазақстан» акциясына әскери қызметшілердің барлығы үлкен ынтамен қатысты. Бірі күрекпен тал-теректердің түбін қопсытса, бірі жел ұшырып әкелген қоқыс қалдықтарын жинады.

Тазалау жұмыстарымен қатар гүлдер мен тал-теректердің көшеттерін отырғызуға жалғасқан шараның арқасында шекара сақшыларының қоныс тепкен аумақтарында абаттану жұмыстары қатар жүрді.

ШАРА

# ЖАС САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ҚАРАСТЫ АЛАКӨЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫНДА «КӨКТЕМ-2024» ШАҚЫРЫЛЫМЫ САРБАЗДАРЫНЫҢ АНТ ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ ӨТТІ.**

Ауқымды шараға жергілікті құзырлы органдардың басшылары, сарбаздардың ата-ана, туған-туыстары қатысты.

Төрт жүзге жуық сарбаз Отан алдында Ант қабылдағаннан кейін ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің бастығы полковник М.Нарбаев жас сарбаздардың әскери қызметтеріне ақ жол тіледі. Құттықтау сөз жауынгерлердің ата-аналары мен жас сарбаздарға да берілді.

Салтанатты шараның соңы өнерлі әскери қызметшілердің концерттік ән шашуына жалғасты.

**ҚР ҰҚК ШҚ Жетісу облысы бойынша департаменті.**

ҚОРШАҒАН ОРТА

# ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

**Орманның ең қатерлі жауы – өрт. «Өрт – тілсіз жау» деп тегін айтылмаған.**

Өрттің шығу себептері көбінесе шөп қалдықтарын, қоқыстарды қадағалаусыз өртеген шаруа қожалықтарының жауапсыздықтарынан, демалушылар мен балық, аң аулаушылар және малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен дала өртіне айналып жататынын жасыруға болмайды. Өрт қаупі туралы барлық малшыларға, шаруа қожалықтарына ескертулер таратылуда.

Өңіріміздің ең үлкен табиғи байлығы, орманды жасыл-желек ресурстарын дұрыс, ұқыпты пайдалануға бүгін ғана емес, болашақ ұрпақ алдында да жауаптымыз. Бабамыз «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деп айтқан, бұл нақыл сөз мағынасын ешқашан жоймақ емес.

Табиғатқа зиян келтірмеуде «Қапал орман шаруашылығы» қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерін адал атқаруда.

**Айдын СМАТ,**
**«Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №5 айналымының орман күтушісі.**



Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

# ТӘТТІ ҚҰЛПЫНАЙДЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?



***Дүкен сөрелеріне құлпынай келе бастады. Құлпынайдың дәмі мен пайдасы оның қандай шарттарда өскеніне байланысты. Ендеше, дұрыс құлпынайды қалай таңдаймыз?***

1. Құлпынайды маусымның басында емес, ортасында немесе аяғында сатып алған дұрыс. Әрине, маусымдық шырынды және тәтті жидекті тездетіп жеп көргіміз келеді, бірақ маусымның ортасына таман тәтті әрі хош иісті құлпынайлар шыға бастайды. Ауа райы тұрақталғанда, құлпынай бұталарына күн жарығы жеткілікті түсе бастағанда одан тәтті әрі қаныққызыл жидектер шығады.

2. Құлпынайды иіскеп көріңіз. Оның иісі қаншалықты қатты болса, ол соншалықты дәмді болады. Бірақ сұрыбына қарай оның иісі де әртүрлі болуы мүмкін. Әдетте ұсақ құлпынайлар хош иісті болады да, ірі құлпынайлар сәл су татып тұруы мүмкін.

3. Жәшіктің ішін қараңыз. Құлпынай зақымдалмаған және езілмеген болуы керек. Сондай-ақ құлпынайдың топырағы көп болмауы керек.

4. Сабағына мән беріңіз. Біріншіден, оны құлпынайдан алып тастамаған болуы керек. Себебі кей сатушылар осылайша жидектің бұзылғанын жасырғысы келеді. Гүл тостағаншасының жапырағы жасыл және қатты болуы керек. Ол құрғақ болса, бұл құлпынайды дұрыс сақтамағанын білдіреді. Оның дәмі де нашар болып шығуы мүмкін.

5. Қаптамаға мән беріңіз. Егер ыдыстағы құлпынай алатын болсаңыз, мөлдір контейнердегі түрін таңдаңыз. Одан сатушы сізден ештеңе жасырып тұрмағанын көре аласыз. Жалпы үлкен ыдыстағы құлпынайды алудың қажеті жоқ. Үлкен көлемде құлпынайлар өз салмағына езіліп қалуы мүмкін және оны бірінші күні тауыспасаңыз, ол келесі күні бұзылып кетуі мүмкін. Сондай-ақ ыдыстың түбінде құлпынай шырыны болса, мұндай жидекті алмаған жөн.

6. Үлкен құлпынайларға қызықпаңыз. Құлпынайдың үлкен өлшемі оның дәміне кепілдік бермейді. Оған қоса, ол нитраттармен немесе басқа да зиянды заттармен егіліп өсірілген болуы мүмкін. Әдетте үлкен құлпынайлар қышқыл немесе дәмсіз болады.

7. Түбі ақ құлпынайларды алмаңыз. Оның біркелкі қызыл болғаны жақсы. Әдетте оның түбінің ақ болуы құлпынайдың әлі толықтай піспегенін білдіреді.

**massaget.kz. сайтынан алынды.**

## ДЕГЕН ЕКЕН...

### УӘДЕ

Көктем кезі болса керек. Ғалым, жазушы Баламер Сахариев ақын Мұзафар Әлімбаевқа кездесіп қалып әзілмен:

– Ауылымным қонғаны КИЗ–де деймін,
Бір өзіңнен басқаны іздемеймін,– дейді.
Сонда Мұзафар тұрып:
– Бұл күнде қалтамыздың түбі тесік,
Айналып бір соғарсың күзге дейін, – деген екен.

### ТАПҚЫР ЖАУАП

Латиф Хамиди әзілкеш, ашық-жарқын кісі еді. Бірде көшеде кездескен композитор ағасына Мұзафар Әлімбаев:

– Латеке, денсаулығыңыз қандай? – деп сәлемдесіпті.

– Өткендегіммен салыстырсам, онша емес, ал келешегіммен салыстырсам, құдайға шүкір, – депті сонда 75 жастағы Хамиди.

### «АЛТЫ САҒАТ МАҚТАҒАНДА...»

Белгілі журналист, педагог, ғалым, мектеп оқушыларына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының авторы Төлеутай Ақшолақовтың мерейтойы болады. Оған қатысқан қонақтар тарқағаннан кейін етжақын адамдарды кейбірі сол үйде қонып қалады. Олардың арасында қазақ журналистикасының ақсақалы, профессор Калижан Бекхожин, белгілі композитор Садық Кәрімбаев, ақын Мұзафар Әлімбаев болады.

Той-той деп жүріп шаршаған бұлар бастары жастыққа тиісімен ұйықтап кетсе керек. Бір кезде ас үйден күңгірлеген, салдырлаған дыбыстар естіледі. Түн ішінде басқалар-ға ұйқы бермей, қазан-аяқты салдырлатып жүргендер кім болды екен деп, Мұзафар ас үйге барса, Садық Кәрімбаев Төлеутай Ақшолақовтың иығынан қапсыра ұстап, төніп тұр екен дейді.

Сөйтсе, композитор үй иесінен жұрт жатқаннан кейін тағы арақ сұрайды. Төлеутай ас үйден іздеп ештеңе таба алмайды. Ал Садық тап та таптың астына алып, өзеурей берсе керек. Олардыың үстінен шыққан Мұзафар:

– Әу, Сәке, сақалды басыңызбен айқай-шу шығарып сізге не болған?– деп, екеуіне араша түседі.

Сонда Садық:

– Әй, бала, сен бұған араласпа. Біз мұны алты сағат бойы мақтадық, енді жарта сағат боқтауға болмай ма екен?–деп жауап беріпті.

### ТОСЫН СҰРАҚ

Көркемдік советтің мәжілісінде Латиф Хамидимен капталдаса отырған ақын Мұзафар Әлімбаев әзілкеш ағасын сөйлетпек болып:

– Латеке, сіз қазақ композиторысыз ба, әлде... – деп сұрапты.

Сонда сөзге тапқыр Латекең:

– Қызық сұрақ екен. Мен Евгений Григорьевич Брусиловскийден сұрап білейінші, – деп жауап бермей құтылып кетіпті.

### «МҰЗ ЕРІП, ТҰМАН ТҮСТІ»

Балалар ақыны Сұлтан Қалиев көше бойлап келе жатса, қарсы алдынан ақын Бүркіт Ысқақов кездесе кетеді. Бұл отыз жыл «Балдырған» журналын басқарған Мұзафар Әлімбаев зейнеткерлікке шығып, орнына Тұманбай Молдағалиев бас редактор болып келіп жатқан кез екен. Бүркіт аман–саулықтан соң:

– Сұлтан, өмірді не жаңалық бар?–деп сұрау тастайды.

– Неге жаңалық жоқ, дейсің. Отыз жыл бойғы «Балдырғанның» мұзы еріп, енді тұман түсіп жатыр дейді ғой? – депті.

**adyrna.kz. сайтынан алынды.**

ӨНЕР

# «МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары


Айсара ӘЛИХАН


Айша ҚАЙРАТ



Айсәуле МАНДАТ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

**Редакция мекенжайы:** 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 542
Индекс 15534